

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ
БАЙЫРҒЫ ӨНЕР
ТУЫНДЫЛАРЫ



*...здесь сконцентрированы
материализованные свидетельства
всех археологических эпох и периодов...*




ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЙЫРҒЫ
ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫ

ПАМЯТНИКИ МОНУМЕНТАЛЬНОГО ИСКУССТВА
ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

(древность и средневековье)

THE MONUMENTAL ART OF THE EAST KAZAKHSTAN

(ancient times and Middle Ages)



Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Төлегенов Е., Исин А., Сайлаубай Е.

Шығыс Қазақстанның байырғы өнер туындылары. – Алматы: «Археология»

ЖШС баспа тобы, 2010. – 216 б.

Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Исин А., Төлегенов Е., Сайлаубай Е.

Памятники монументального искусства Восточного Казахстана (древность и средневековье). – Алматы:

ТОО «Археология», 2010. - 216 с.

ISBN 978-601-80128-0-8

Кітапқа Шығыс Қазақстаннан соңғы жылдары табылған Бұғытастар, музейлерде сақталған орта ғасырлық тас мүсіндер мен тас бетіне салынған бейнелер және «Сарыкөл-көне түрік мәдени кешенінде» жүргізілген археологиялық зерттеулер қорытындылары енгізілген

В книгу включены известные и выявленные в последние годы материалы по оленным камням, наскальному искусству, и средневековым статуарным памятникам Восточного Казахстана

Баспаға ҚР ҒБМ Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология Институтының Ғылыми Кеңесі ұсынған

Рекомендовано к изданию Ученым Советом Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК

Ғылыми редактор: тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Т.Төлеубаев

Научный редактор: доктор исторических наук, профессор А.Т. Толеубаев

Пікір жазған: тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Елеуов

Рецензент: доктор исторических наук, профессор М.Е. Елеуов

ISBN 978-601-80128-0-8

© Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е.,
Төлегенов Е., Исин А., Сайлаубай Е., 2010
© «Археология» ЖШС баспа тобы, 2010
© «REGGRAPHICA» ЖШС, баспа 2010
© Сесь И., дизайн, 2010

МАЗМУНЫ


Кіріспе.....	6
Бұғытастар.....	10
Тас бетіне салынған суреттер.....	18
Ортағасыр тас мүсіндері.....	86
Көне түріктердің киелі орындары.....	162
Қорытынды.....	188
Әдебиет.....	210
Қысқартулар тізімі.....	214

СОДЕРЖАНИЕ

Введение.....	6
Оленные камни.....	10
Памятники наскального искусства.....	18
Статуарные памятники эпохи средневековья.....	86
Древнетюркский кульгово-поминальный комплекс Сарыкол.....	162
Заключение.....	189
Литература.....	210
Список сокращений.....	215

CONTENT

The monumental art of the East Kazakhstan (ancient times and Middle Ages).....	190
---	-----



КІРІСПЕ

ВВЕДЕНИЕ





Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық бағдарламасының қабылдануына орай соңғы жылдары үздіксіз жүргізілген іздестіру-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Шығыс Қазақстанда тарихи-мәдени жәдігерлердің мол қабаттары ашылды. Солардың қатарындағы айтулы ескерткіштерге - ежелгі көшпелілердің Берел және Шілікте қорғандарын жатқызамыз. Арғы бабаларымыздың скиф-сібір аң стилінде жасаған таңғажайып қолөнер бұйымдары сол дәуірдегі көшпелілер қоғамының технологиялық дамуының жоғарғы деңгейінің, олардың әлеуметтік-саяси жүйесінің, дүниетанымы мен діни көзқарастарының санқилы көріністерінің куәсі іспетті. Бұл ескерткіштер бүгінде Қазақстанның ұлттық символына айналып та үлгерді.

Алайда, тарихи-мәдени кешен туралы түсінікке ой жеткізуде тек таңдаулы нысандар ғана негіз бола алмайды, өйткені біртұтас рухани дүниені қалыптастыруда басқа да көптеген ескерткіштерді, солардың ішінде тас бетіндегі суреттер мен сызбаларды, жерлеу-ғұрыптық орындарын және тас мүсіндерді ілкімдеп, зерттеу айналымына қоспай қола дәуірінен бастап қазіргі заманға дейінгі мәдени тамырымыздың табиғатын тану мүмкін емес. Сондықтан ұсынылып отырған кітапқа соңғы жылдардағы археологиялық зерделеулердің нәтижесінде олжаға айналған тас бетіндегі суреттер мен тастан жасалған мүсіндер және біраз қазба жұмыстарының қорытындылары еніп отыр. Олар, әрине Еуразия далалық кеңістігіндегі көне бейнелеу өнері ескерткіштерінің бізге танымал болған нұсқаларымен үйлесім табады; атап айтсақ бұлар жартастардағы аншылық көріністері, айқастар, ұрпақ дамыту культіне бағышталған діни-ғұрыптық әрекеттер, көптеген зооморфтық мотивтер, сондай-ақ мифтік-ғұрыптық кешендерге байланысты символдық белгілер мен композициялар.

Жалпы адамзат мәдениетінің феномені ретінде танылатын «көне түркі мәдени кешендері»

қалыптасқан Кіндік Азияның ерекше бір түйінді аймағы болып табылатын Шығыс Қазақстан өңірі көне түркі ғұрыптық орындарының аса көп шоғырланған жерлерінің бірі, сондықтанда кейінгі жылдары осында ашылған ескерткіштерді жан-жақты зерттеп, оларды ғылыми айналымға енгізіп, зиялы қауымға кеңінен тарату маңызды шаралардың бірі болып табылады.

Көне ескерткіштердің сақталу жағдайына, белгілі бір табиғи-ландшафттық ортасына байланысты далалық зерттеулер барысында біз археологияда қалыптасқан дәстүрлі құжаттау және қазу әдістерін пайдаландық.

Қазіргі бізге белгілі болып отырған көптеген бұғытастар, жартас суреттері немесе көне түркі тас мүсіндері қатты бүлінген жағдайда, тіпті олардың көбі жойылып та кеткен. Сондықтанда, көненің көзі тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми тұрғыдан зерттеу, қалпына келтіру, олардың негізінде музейлер мен қорықтар жасау, сол сияқты көпшілікке әртүрлі жолдармен насихаттау – қазіргі буынның төл міндеті деп қарау керек.

Сөйтіп, басылымның негізгі мақсаты – көпшілік қауымды Шығыс Қазақстанда кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелерімен алдын ала таныстыру.

Кітапта Өскемен, Семей қалаларындағы тарихи-өлкетану музейлері, сондай-ақ Ә.Марғұлан атындағы археология Институтының мұрағатының қорларындағы материалдар мен жәдігерлер пайдаланылды.

Авторлар Шығыс Қазақстан облысынды археологиялық зерттеу жұмыстарына қол үшін беріп, осы кітаптың шығуына ат салысқаны үшін облыс әкімінің орынбасары Т.Т. Түсіпбековке, мәдениет басқармасының төрағасы М.Ш. Тойкеновке, ескерткіштерді қорғау инспекциясының басшысы А.Т. Беспалиновқа, тарихи-өлкетану музейінің директоры Т.Ө. Дүсіповке және осы музейдің ғылыми қызметкері Г.А.Кушце өздерінің ризашылығын білдіреді.



Последние годы, в результате активных изыскательских работ в рамках национальной стратегической программы «Культурное наследие», на территории Восточного Казахстана было открыто большое количество археологических памятников. Среди них наиболее значимыми считаются берельские и шиликтинские царские курганы, где были найдены выдающиеся произведения декоративно-прикладного искусства наших предков, выполненные в так называемом скифо-сибирском зверином стиле. Это искусство характеризует высокий уровень технологического развития общества древних номадов, специфику его социально-политической структуры, мировосприятия и религиозных воззрений. Находки из Береля и Шиликты уже стали национальными символами Казахстана.

Целостное представление о культурном комплексе в настоящее время составляют не только на основе исследования элитных объектов, но в большей степени по данным, полученным из массовых археологических памятников, к которым относятся многочисленные наскальные изображения, погребально-поминальные памятники и каменные изваяния, без фиксации и изучения которых невозможно понять сущность процесса культурогенеза, начиная с бронзового века до этнографической современности. Поэтому в данную книгу включены материалы по наскальным рисункам, выявленным в ходе полевых изысканий последних лет. Они достаточно четко вписываются в устоявшиеся каноны, характерные для подобного рода изобразительных памятников степной Евразии. Это сцены охоты, багалий, религиозно-обрядовых действий, сюжеты, отражающие культ плодородия, многочисленные зооморфные мотивы, а также символические знаки и композиции, связанные с древними мифо-ритуальными комплексами.

Чрезвычайно важным представляется выявление и изучение древнетюркских погребально-

поминальных объектов в Восточном Казахстане, являвшегося одним из важнейших узловых регионов Центральной Азии, где происходило формирование «древнетюркского культурного комплекса» как феномена общечеловеческой культуры.

В зависимости от степени сохранности, условий расположения в конкретной ландшафтной среде, а также других факторов нами были использованы различные эмпирически сложившиеся в полевой археологии методы фиксации и документирования объектов.

Среди дошедших до наших дней наскальных изображений, оленных камней и каменных статуй древнетюркского периода очень многие имеют повреждения, часть исчезла бесследно. Поэтому научная фиксация, изучение, реставрация и музеефикация, а также и популяризация знаний об этих памятниках историко-культурного наследия в различных формах, являются насущными задачами, стоящими перед нынешним поколением исследователей.

Данная публикация ставит своей задачей ознакомление широкого круга читателей с основными результатами поисково-разведочных работ, проведенных нами в последние годы на территории Восточного Казахстана. В книге использованы некоторые ранее известные материалы из фондов Восточно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея, Семипалатинского городского музея и архива Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК.

Авторы признательны заместителю акима Восточно-Казахстанской области Т.Т. Тусупбекову, начальнику областного управления культуры М.Ш. Тойкенову, начальнику областной инспекции по охране памятников А. Беспалинову, директору областного историко-краеведческого музея Т.О. Дюсупову и научному сотруднику этого же музея Г.А. Кушце за помощь в организации полевых исследований и поддержки идеи издания настоящей книги.

БҰҒЫТАСТАР

ОЛЕННЫЕ КАМНИ



Бұғытас - қола дәуірінің соңғы және ерте темір заманының алғашқы кезеңдеріне тән тұрғыштық - жерлеу ескерткіштердің құрамдас бөлігі ретінде, солардың жанына тігінен орнатылатын сынтастардың бір түрі. Олардың өн бойына құс тұмсықты бұғылар бейнесі бедерленіп салынатындықтан, ескерткіштің бұл түрі ғылыми басылымдарда «бұғытас» деп аталады. Жалпы, бұғытастардың семантикасы антропоморфтық, соның ішінде қарулы жауынгердің бейнесіне негізделген. Сондықтанда, оларда бұғылардан басқа сол заманға тән қару-жарак, белбеу, сырға, айна және басқа да бұйымдар қашалып салынады.

Бұғытастардың негізгі таралған аймақтары - Батыс Монғолия, Байкал өңірі, Оңтүстік Сібір және Қазақстанның шығысы. Бұғытастарды та-

ралу аймақтары мен тарихи кезеңдеріне қарай бірнеше топқа бөледі. Шығыс Қазақстанда бұғытастардың бүгінгі күнде белгілі барлық түрлері кездеседі.

Ақсуат өңірінің Ойшілік ауылы маңындағы Жақсы Арғанаты тауының оңтүстігіндегі Жартас елді мекені мен «Кондюрин» шекара бекеті аралығындағы тау бөктеріндегі жазықта бұғытастар орнатылған ерте темір дәуіріне жататын үш ғибадатхана орналасқан. Ондағы бұғытастар туралы алғашқы мәліметтер өлкетанушы З. Қайсеновтың еңбегінде берілген (Қайсенов, 2007, 34-38 б.). Осы ескерткіштерді біз 2010 жылы зерттеп, оларды шартты түрде Ойшілік 1-3 деп белгіледік.



Ойшілік-1 ғибадатханасы Жартас ауылынан оңтүстік-батыс бағытта екі шақырым жерде орналасқан. Солтүстік шетіндегі диаметрі 26 м қорғанның сыртын айналдыра жалпақтығы 4 м, диаметрі 120 м болатын тастан жасалған сақина-қоршау бар. Осы қорғаннан оңтүстікке қарай биіктігі 3 м, пошымы төртбұрышты, диаметрі 35 м болатын екінші қорған орналасқан. Қорған астында биіктігі 1 м платформа, ал сыртында өлшемдері 105x110 м болатын сұлбасы тік төртбұрышты топырақтан үйген жал бар.


Оленные камни представляют собой специально обработанные, со специфическими стилизованными изображениями, элементы жертвенно-поминальных комплексов - стелы. Они известны с периода финальной бронзы и охватывают начальный этап раннего железного века. Своё название «оленные камни» получили благодаря изображениям птицеголовых оленей с роскошными, откинутыми назад рогами, выделяющимися своеобразием трактовки.

В основе семантики оленных камней лежит образ вооруженного воина. Кроме оленей на этих стелах изображают различные виды оружия, щит, пояс, а также серьги, ожерелье, зеркало и другие атрибуты. Человеческий лик на этих стелах изображают крайне редко и обобщенно, чаще лицо обозначают тремя косыми полосками. По морфологическим и хронологическим признакам они подразделяются на несколько типов: простые с серьгами, луком в горите, чеканом, подвешенным

к поясу; и сложные, декорированные изображениями клювастых оленей и различных других животных. Часто на них нанесены солярные знаки.

Основной ареал оленных камней – Западная Монголия, Забайкалье, Южная Сибирь. Восточный Казахстан представляет собой западную периферию распространения стел с изображением птицеголовых оленей, аналогичных выявленному в Иволгино или в Ушкийн Увере, т.е. классических памятников такого типа.

В долине Ақсуат, между населенным пунктом Жартас и пограничной заставой «Кондюрин», у южного склона горы Жақсы Арғанаты, расположены три святилища раннего железного века с оленными камнями. Первые сведения об этих оленных камнях встречаются у краеведа Кайсенова (Кайсенов, 2007, с. 34-38). Эти памятники, получившие названия Ойшилик 1-3, были исследованы нами в 2010 г.



Ойшилик-1 находится в 2 км к юго-западу от с. Жартас. Памятник представляет собой каменное сооружение диаметром 26 м с внешней кольцевой оградой (ширина 4 м, диаметр 120 м). К югу от этого кургана расположен второй объект - подчетырёхугольной формы, высотой 3 м, диаметром около 35 м. Под насыпью кургана фиксируется платформа. С внешней стороны имеется подпрямоугольный в плане земляной вал. Оленный камень, стоявший возле каменного сооружения, перемещен жителями села в другое место.



Ойшілік-2 ескерткіші жоғарыда аталған тарихи нысаннан оңтүстік-батысқа қарай екі шақырым жердегі төбенің үстінде орналасқан. Бұл құрылымы жағынан күрделі, барлығы 14 қорғаннан тұратын ғибадатхана. Оның екі үлкен қорғаны бар. Солтүстік шетіндегі үлкен қорғанның сыртып айналдыра, төртбұрышты етіп «менгірлермен» қоршаған. Осы тас қоршаудың төрт жағында бір-бірден кіреберіс қақпалар жасалған. Қорғанның батыс жағында аса биік емес, «бұғытас» орнатылған. Екі бетінде дөңгелек күн мен толық айдың немесе айнаның суреттері, олардан төменірек мүйіздері ерекше мәнерленіп салынған бұғылар бейнесі орналасқан. Күн бедерленген бетінде садақ, айбалта тәрізді қарулардың суреті салынған.

Ойшілік-3 ғибадатханасы сипатталған екінші ескерткіштен батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Құрылымы жағынан ол алдыңғы екеуіне ұқсас. Үлкен қорғанның шығыс жағында биіктігі 3 м бұғытас орнатылған. Ол таста да бұғылар, қару-жарақ, айна, сырға сияқты аксессуарлар бейнеленген. Сол жақ қапталында, ортасындағы белдік сызықтың төмегі тұсына қайрақ іспетті зат ілінген, ал одан жоғарырақ ойнақтап тұрған құралайдың суреті салынған. Бұғытастың жоғарғы жағындағы үш қатар сызық шартты түрде адамның бет-кескінін бейнелейді.

Осы Ойшілік 1-3 ғибадатханаларында орнатылған екі бұғытастан басқа үшінші бұғытас Ойшілік ауылының батыс шетіндегі қазіргі замандағы зираттардың ортасына орнатылған. Бұл бұғытас бастапқы қойылған орнынан қозғалып, аталмыш зираттың ортасына ат байлайтын қадау ретінде орналастырылса керек. Бұл бұғытастың нақты орны анықталмағандықтан алғашында Ойшілік 1-3 ғибадатханасында болған немесе



Ойшілік-2 находится на возвышенном участке, в 2 км к юго-западу от первого памятника, и представляет собой могильник, состоящий из 14 каменных курганов. Один из курганов, расположенный в северной части памятника, огорожен прямоугольной оградой с менгирами. По сторонам ограды имеются своеобразные «входы». С западной стороны сооружения установлен олений камень. В верхней части стелы изображены кольца, зеркало. Поверхность стелы покрыта изображениями птицеголовых оленей. Имеется рисунок лука.

Ойшілік-3 находится в 2 км к западу от памятника Ойшілік-2. По своей структуре он схож с первыми двумя памятниками. В восточной части крупного кургана установлен трехметровый олений камень. На нем присутствуют изображения клювастых оленей, оружия, зеркала, серег, пояса, точильного камня, а также зооморфной фигуры. Три ряда черточек в верхней части оленного камня условно изображают лик человека.

Наличие зооморфных изображений на ойшіликских оленных камнях в раннесакском стиле, которые перекликаются с сюжетами на некоторых изделиях из шиликтинских курганов, расположенных недалеко от этих мест и исследуемых А.Т.Толубаевым, позволяет ставить вопрос об их синхронности. Можно говорить о принадлежности этих двух памятников близкородственным народам, жившим по соседству в одну историческую эпоху. Некоторые из этих памятников могут быть квалифицированы как священные центры - святилища, где происходили культово-обрядовые



өңірде бұлардан басқа да ғибадатханалар болуы мүмкін деген тұжырым бар. Оларды іздестіріп, тауып зерттеу ісі өз кезегін күтіп тұр.

Ойшілік 1-3 ескерткіштері әйгілі Шілікті қорғандарымен байланысы болуы мүмкін. Олардың тұрғызылған уақыттары да сәйкес деп айта аламыз. Шіліктіден табылған бұғы бейнелі алтын жапсырмалар мен Ойшілік 1-3 ғибадатханаларыдағы бұғытастар сабақтастығы осыған дәлел. Б.з.б. 8 ғ. мерзімделетін Шілікті қорғандарымен замандас тұрғызылған бұл ғибадатханалар одан кейінгі кезеңдерде де белсенді жұмыс жасағаны анық. Оған осы өңірдегі біздің зерттеулеріміздегі Ақсуат 1-4 қорымдары дәлел. Ол қорымдарды қазіргі таңда б.з.б. 6-2 ғасырлармен мерзімдеп отырмыз. Сонда Ойшілік 1-3 ғибадатханалары кем дегенде 5-6 ғасыр өмір сүрген деуге негіз бар. Ал мұндай ғибадатханалар халықтың басына түскен әртүрлі соғыстар мен табиғи апаттар жағдайларында елдің береке бірлігін сақтауда үлкен маңызға ие болған. Сондай-ақ олар ерте темір дәуірінде осы өңірді мекендеген халықтың діни наным-сенімдерінің нақты көрінісін сипаттай алады.

Аталмыш ғибадатханалар сыртындағы қоршаулардың қақпаларының шығыс пен батыс жақтарында болуы мен олардың алдында бұғытастардың орнатылуында үлкен мән бар. Құлшылық етуге келген адамдар шығыс қақпадан кіріп батыс қақпадан шығуы мүмкін. Ал бұғытастар елдің ізгі тілеулерін жаратушыға жеткізеді - деп сенген. Жекелеген қорғандарда құрбандық малдарын шалған. Бұл күнге табыну рәсіміне байланысты. Шығыс қақпадан күн шапағы кіріп батыс қақпадан шығады деп түсінуі

де ықтимал. Күн мен түн, ақ пен қара, өмір мен өлім барлығы шығыстан басталып батыста аяқталады деген түсініктен шыққан. Олар сары түсті құдай түсі деп түсінсе керек. Өйткені өлген адамдарды әлеуметтік жағдайына қарай барынша алтынмен киіндіріп шығарып салуға тырысқан. Ол жерде алтынның бағалы метал ретінде емес, түсінің сары болуынан құдай түсі ретінде жебеуші болуы мүмкін. Берел қорғандарынан табылған жылқылардың барлығының құла, жирен болуы да осыған тағы бір дәлел. Ал желден жүйрік бұғылар қайтыс болған адамның жанын және тірілердің тілектерін жаратушыға жеткізетін құрбандық малы болуы мүмкін. Тотемдік қасиеті болғанын да естен шығаруға болмайды.

Ойшілік қорғандары мен ғибадатханалары кейінгі сақтар мен хұндардың да идеологиялық орталықтары болып, осы жерде рухани сабақтастықты жалғастырушы және дәнекерлеуші қызметін ғасырлар бойы атқарған.

Түйемойнақ. Бұғытасты біз Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылына қарасты Түйемойнақ тауының оңтүстік етегіндегі Мешел елді мекенінде 2009 жылы тауып алып зерттедік. Өзінің бедерлену мәнері жағынан Моңғолия, Тува жерлеріндегі осы тектес ескерткіштерге жақын және олардың классикалық үлгісіне жатады. Жоғарғы жағының екі бетінде дөңгелек «күн» бейнеленген. Сәл төменірек айналдыра белбеу, оған ілінген заттар және мүйізі аса тармақты құстұмсық бұғылар қиғашталып, қатарымен бедерленген. Осы өңірдегі бұғытастардың ішінде ең көнесі болуы мүмкін.

церемонии, и были погребены представители элиты общества древних кочевников. К таким объектам относятся также и большие курганы, расположенные у с. Ақсуат. Они могли функционировать и в последующие исторические эпохи.



Түйемойнақ. Олений камень обнаружен нами в 2009 г. в поселке Мешел Тарбагатайского района, у южного склона горы Түйемойнак. По своим морфологическим признакам он близок к аналогичным памятникам Монголии и Тывы и относится к типу классических. В верхней части оленного камня изображены серьги или диск. На поясе – различные виды оружия, вся поверхность камня покрыта изображениями птицеголовых оленей. Это изваяние, возможно, является самым древним из выявленных на данный момент оленных камней региона.



ТАС БЕТІНЕ САЛЫНҒАН
СУРЕТТЕР

ПАМЯТНИКИ НАСКАЛЬНОГО
ИСКУССТВА



Жартаc суреттері – барлық континенттен табылған адамзат қоғамдастығының рухани және материалдық мәдениетінің тарихынан сыр шертетін бірден-бір дереккөздер. Бұл көне тас ғасырынан бастап қазіргі заманға дейінгі көптеген мыңжылдықтарды қамтитын адамның рухани дамуындағы айырықша құбылыс. Сурет өнері ескерткіштері қоршаған ортаның шындығын, жинақталған тәжірибе мен білімді, дүниетаным бағыттары мен өзге де жағдайларды белгілі бір образдар арқылы береді. Бабаларымыз метафоралар мен символдарда қатталған ерекше ақпараттарын келешек ұрпаққа жеткізуге тырысқан, сондықтан бұндай бейнелеу өнері әр түрлі тарихи кезеңдерде өзіндік белгі-коммуникативтік жүйенің қызметін атқарған (Самашев, 2006. - с. 31-36.).

Шығыс Қазақстанның жартаc бетіндегі суреттері ғылымизерттеудің нысанына әлдеқашан айналған болатын. Петроглифтердің мағыналық мазмұны мен атрибуциясын баяндайтын, дәуірлейтін және мерзімдейтін, ескерткіштерді талдап, олардың ғылыми сипаттамасын берген көптеген әдебиеттер бар.

Петроглифтердің таралуы бойынша Шығыс Қазақстан тек Кіндік Азиядағы ғана маңызды аймақ болып табылмайды. Сондықтан да Ертістің жоғарғы ағысындағы жартаc суреттерін зерттеудің қашанда келешегі зор. Петроглифтанудағы барлық жетістіктерді ескерген күннің өзінде, қазірге дейін далалық зерттеу әдістерін жетілдіру арқылы образдар мен сюжеттердің мағынасын айқындау, кеңінен айтсақ – этноәлеуметтік мәдени үрдістерді қалпына келтіруде осы ескерткіштерді толыққанды тарихи дереккөзге айналдыру өзектілігін ешқашанда жоғалтқан емес.

Қазіргі таңда, петроглифтерді зерттеуде көне суреттер салынған тас бетіне қол немесе басқа да заттарды тигізбей зерттеу әдісі кеңінен қолданылып жүр. Өйткені соңғы зерттеулердің нәтижелері көрсетіп отырғандай сан мың жылдар бойы суреттер беттерін басқан әртүрлі микроағзалардан және химиялық заттардан тұратын тотық сыртқы ықпалдардың – атмосфераның, жел өтінің, өсімдіктердің, заманауи антропогендік және техногендік құбылыстардың (қышқыл жаңбыр және т.б.) кеселінен үгілуге бейім тұр. Тотықты

заманауи жаратылыстанымдық-ғылыми әдіспен, трасологиялық және де басқа анықтамалармен зерттеу жартаc бетіндегі суреттердің жасын және тегістікті игеруді нақтылайды және де оның орнын табуға зор мүмкіндік береді. Сол себепті далада жүргізілген біздің зерттеулерімізде суреттердің көшірмесін микалентті қағазға немесе полиэтилен пленкасына түсіруге байланысты жанаспалы әдістер пайдаланылған жоқ.

Петроглифтердің хронологиялық және этномәдени атрибуцияларына келетін болсақ, біз жалпы қабылданған дәуірлеу жүйесіне, яғни белгілі бір дәуірлерге тән стилистикалық біртектес материалдарды айғақтаймыз және басқа да принциптер мен әдістерге сүйенеміз.

Суреттердің сюжеттік және мағыналық композициясын баяндау неғұрлым даулы және үстірт қалып келеді. Өйтсе де, кейбір жағдайларда сюжеттерді белгілі бір түрік-моңғол, үндіран және өзге де халықтардың мифтік темаларымен, этнографиялық деректерімен, фольклорлық-эпикалық материалдарымен, оларда сақталынған типологиялық ұқсастықтарымен, сондай-ақ архаикалық элементтерді назарға ала отырып, ұштастыруға болады.

Төменде біз соңғы жылдары табылған жартаc суреттерінің сипаттамасын береміз. «Жартаc суреттері» деген ұғымға тас бетіне қашалған не болмаса тырнап сызылған суреттер мен табиғи қына – минералды қызыл бояу пайдаланылған бояулы суреттерді жатқызамыз. Соңғы атап отырған бояулы суреттернің түрі басқа петроглифтерге қарағанда сирек ұшырасады және неғұрлым ерте дәуірлерге жатады.



Наскальные изображения - наиболее универсальный источник по истории духовной и материальной культуры человеческих сообществ, зафиксированы практически на всех континентах. Это особое явление в сфере развития духовного потенциала человека на протяжении многих тысячелетий от древнекаменного века до этнографической современности. Изобразительные памятники фиксировали события, окружающую действительность, накопленные опыт и знания, мировоззренческие ориентиры и другие проявления мировосприятия в образах, метафорах и символах и передавали аккумулярованную особым образом информацию последующим поколениям, выполняя тем самым специфическую функцию знаково-коммуникативной системы в различные исторические периоды (Самашев, 2006).

Наскальные изображения Восточного Казахстана стали объектом научного изучения давно. Существует большое количество исследований, в которых содержится характеристика памятников, периодизация и хронология, этнокультурная атрибуция и интерпретация смыслового содержания петроглифов.

Восточный Казахстан является одним из важнейших регионов распространения петроглифов не только в Центральной Азии. Поэтому выявление и изучение наскальных изображений Верхнего Прииртышья всегда будет перспективным, поскольку, несмотря на все достижения петроглифоведения, актуальными остаются проблемы, связанные с датировкой и расшифровкой семантики образов и сюжетов, совершенствованием методики полевой фиксации, а в широком плане – использованием петроглифов как полноценного исторического источника по реконструкции этносоциокультурных процессов.

В настоящее время в исследовании петроглифов преобладает тенденция использования бесконтактного метода, исключая непосредственное соприкосновение с поверхностью скалы, с древними рисунками, поскольку патина на изображениях, образовавшаяся в течение нескольких тысячелетий и состоящая, как показывают позднейшие научные изыскания, из напластований различных микроорганизмов и химических

веществ, подвержена изменениям под воздействием внешних факторов – атмосферы, направления ветров, растительного покрова, современных антропогенных и техногенных явлений (кислотные дожди и т.д.), что приводит к активному разрушению. Изучение патины с использованием современных естественнонаучных методов, наряду с трасологическими и другими определениями, позволяет наиболее достоверно обозначить возраст наскальных рисунков и динамику освоения плоскости, а также местонахождения в целом. Поэтому при проведении полевых работ нами не использованы контактные способы, связанные с копированием рисунков на микалентную бумагу или на полиэтиленовую пленку.

Что касается хронологической и этнокультурной атрибуции петроглифов, то мы в данном случае придерживаемся общепринятой схемы периодизации, выделяя стилистически однородные материалы, характерные для той или иной эпохи, учитывая также другие принципы и методы.

Наиболее спорной и субъективной остается интерпретация содержания сюжетов и смысловых композиций. Тем не менее, в ряде случаев удается, с некоторой долей вероятности, увязать сюжеты с конкретными мифологемами, этнографическими данными, фольклорно-эпическими материалами, в частности, тюрко-монгольских, индоиранских и других народов, имея в виду как типологические сходства, так и архаические элементы, сохранившиеся в них.

Ниже мы приводим предварительную характеристику наскальных изображений, выявленных в последние годы. Под термином «наскальные изображения» понимают петроглифы - выбитые, процарапанные или процарапанные на скальной поверхности рисунки и писаницы, выполненные минеральной краской – природной охрой красного цвета. Последние распространены гораздо меньше, чем петроглифы, и относятся к более раннему периоду. Начнем с характеристики писаниц.

ТАС БЕТІНЕ САЛЫНҒАН СУРЕТТЕР



Манат. Ұлан ауданындағы ескерткіш ат-тас ауылдың жанындағы гранит жартастың бетіне қызыл қынамен бірнеше зооморфты сурет салынған, солардың ішінде арасында адам кескіні бар екі ешкінің (?) контурлы геометриялық фигурасы бар. Гранит қабырғаның тік бетіне солар сияқты, анық көрінетін зооморфты фигура салынған. Басқа суреттердің сақталуы нашар болғандықтан анық байқалмайды.

Ақбауыр. Бояулы суреттері бар үңгір аталмыш төбенің оңтүстік бауырында, төбе етегінен 5 м. биіктікте, Ұранқай өзенінің оң жағалауынан 2 шақырым, Ұлан ауданы Бестерек ауылының солтүстігін ала орналасқан. Ғылыми айналымға ертеден бастап енген (Самашев, 1981, с.69-76).

Төбе сұрғылт граниттен тұрады, пирамида іспетті, айтарлықтай тік, және биік. Үңгірдің

күмбездінде дөңгелек тесік бар, табанында мәдени қабат жоқ, жатаған; кей жерлерінде ыстың орны байқалады. Үңгірдің ұзындығы 9 м шамасында, неғұрлым ұзындығы орташа бөлікпен қарағанда – 4 м, ал неғұрлым биіктігі кіреберіс жағына қарай - 2 м.

Бұл жерде қою қоңыр қынамен салынған барлығы 80-нен астам сурет сақталынған. Бояулы



ПАМЯТНИКИ НАСКАЛЬНОГО ИСКУССТВА



Манат. На поверхности гранитной скалы вблизи одноименного села Уланского района красной охрой нанесено несколько зооморфных изображений, среди которых можно отметить одну сцену, состоящую из двух контурных геометрических фигур козла (?), между которыми находится человек. На вертикальную плоскость гранитной стены нанесена еще одна аналогичная, четко различимая зооморфная фигура. Другие рисунки трудно различимы из-за плохой сохранности.

Грот Акбаур. Грот с писаницами находится на южном склоне одноименной сопки, примерно в 5 м выше ее подножия, в 2 км от правого берега р. Уранхай, к северу от с. Бестерек Уланского района ВКО (Самашев, 1990, с. 123-129).

Сопка с гротом - пирамидальной формы, довольно высокая и крутая, из серого гранита. На сводчатом потолке грота имеется круглое отвер-

стие, пол покатый, без остатков культурного слоя; местами заметны следы закопченности. Длина грота около 9 м, максимальная ширина в средней части - 4 м, а максимальная высота ближе к входу - 2 м.

Всего здесь сохранилось более 80 рисунков, выполненных темно-коричневой охрой. Писаницы расположены, главным образом, на противо-



суреттер, негізінен, кіреберіске қарсы қабырғаға, кейбірі үңгір төбесіне салынған. Композицияның сол жағы жел өтінің және су сорғалаудың ықпалынан айтарлықтай бүлінген.

Қазіргі таңда, суреті бар үңгірге қызығушылықтың артуына байланысты ғаламзаттық ғарыш орталығы, ежелгі астрономиялық обсерваториялар және т.б. сынды идеалистік теорияларға еліккен мектеп оқушылары мен әртүрлі азаматтардың тарапынан ұйымдаспаған зияраттардың кеселінен бояулы суреттердің сапасы тым төмендеп кетті, тас беті әртүрлі бактерияларға шалдығып, ірі түйіршікті граниттің қорғаушы қабығы үгілуде. Сонымен қатар жауапсыз замандастарымыздың тарапынан жасалып жатқан суреттер бетіне аттарын жазу тәрізді іс-әрекеттер тарих үшін кешірілмейтін қылмыс екенін ескергеніміз жөн.

Көптеген зияратшылар суреттердің көшірмесін түсіріп алуға пайдаланатын қағазды тас бетінен майлы ізі кетпейтін ермексазбен жапсырады. Мұндай жағдайлар Санкт-Петербург зерттеушісі Л.С. Марсадаловтың астрономиялық бақылаулар жүргізу ниетінде атқарылған жұмыстарынан кейін жиілеп кетті. Екі дала маусымына созылған оның жұмыстарынан соң, бұл жерден әлем кіндігін іздеу идеясына шалдыққан, жат қылықты адамдар тобы пайда болды, олардың жартасқа келуі суреттердің сақталуына кері әсерін тигізуде.

Суреттердің негізгі топтамасы қабырғаның төменгі жағына ұйысқан. Шамамен композицияның орта тұсында таутеке мен арбаның суреті аударылып бейнеленген. Еденге жақын тұста ағаштары жан-жағына сойдыған күрке сияқты конус типтес үйлердің суреті бар. Оң жақ төменгі бұрыштағы суреттердің бірі ерекше көзге түседі: ол екі жағынан қысқа айырық істіктері шығып тұрған, ішінде үш-төрт нүктесі бар бояулы суреттер. Осы жерде сорайған аяқтарын талтайтып тұрған ер адамның бейнесі бар. Өкшелері екі жаққа қаратылған. Қысқа қолдарын төмен түсіріп тұр. Тағы да екі адамның бейнесі оның сол жағын ала, жанына бейнеленген; олардың біреуінің аяқ қолдары жан-жағына тарбитылған, ал екіншісінің сақталуы нашар болғандықтан күңгірт контуры

ғана қалған.

Жалпы, композиция жануардың бір бейнесін және бірнеше антропоморфты фигураларды, сондай-ақ «баспана» мен арбаның суреттерін қамтиды. Қалған бейнелер – әртүрлі символдар.

Ақбауыр үңгіріндегі символдық таңбаларды Қазақстандағы ең ежелгі сызбалар деп есептеуге болады. Әртүрлі заттардың бетіне жіңішке құралдармен түсірілген осы типтес белгілер мен



символдар неғұрлым ерте дәуірмен мерзімделеді (мәселен, ботай таңбалары, т.б.). Ақбауыр суреттерінің басым бөлігін крест типтес таңбалар құрайды. Негізінен бұлар – қарапайым, қиғаш, кейбірі айыр ұшты кресттер. Кресттің бірі текшенің ішіне салынған. Бұл суреттерден басқа үш сынық сызық бар, олардың екеуі үшбұрышты,

положной от входа стене и частично - на потолке грота. Левая часть композиции в значительной мере повреждена натеками воды и воздействием ветра.

В настоящее время, в связи с возрастанием популярности грота с рисунками, участилось неорганизованное посещение памятника различными людьми, подверженными идеалистическим теориям о Вселенной, о центре космоса, об астро-

сунки, использовали для закрепления кальки пластилин, который оставляет несмываемый жирный след на поверхности. Эти случаи участились после несанкционированных работ в гроте с рисунками Санкт-Петербургского исследователя Л.С. Марсадалова. После его работ, длившихся два полевых сезона, здесь появились группы людей, подверженных мифическим идеям поиска центра мира и т.д. с неадекватным поведением, посещение которыми грота отрицательно сказывается на сохранности рисунков.

Основная масса рисунков сосредоточена в нижней части стены. Примерно в средней части композиции расположено изображение перевернутой фигуры горного козла и рисунок повозки. Ближе к полу изображены конусовидные жилища типа шалаши с торчащими в разные стороны концами жердей. Одно из изображений в правом нижнем углу существенно отличается в деталях: оно имеет вид развилки с короткими отростками по обеим сторонам, с тремя-четырьмя точками внутри. Здесь же запечатлен мужчина с длинными, широко расставленными ногами. Ступни ног обращены в разные стороны. Короткие руки опущены вниз. Еще две антропоморфные фигуры расположены рядом, с левой стороны; у одной из них руки и ноги широко раскинуты в стороны, другая ввиду плохой сохранности имеет расплывчатые контуры.

В целом композиция содержит одно изображение животного и несколько антропоморфных фигур, а также рисунки «жилищ» и повозки. Остальные изображения – различные символы.

Символические знаки грота Ақбаур можно считать наиболее древнейшими писаницами в Казахстане. Следует отметить, что подобного рода знаки и символы, нанесенные на поверхность различных предметов тонким инструментом, известны среди памятников, датируемых более ранним временем (например, знаки на изобразительных памятниках, выявленных на поселении Ботай (Зайберт, 2009 и др.). Значительную часть писаниц грота Ақбаур занимают крестообразные знаки. В основном это простые кресты, косые, некоторые с раздвоенными концами. Один из крестов вписан в квадрат. Помимо этих рисунков отмечено

номических обсерваториях в древности и т.д. В результате чего состояние сохранности писаниц резко ухудшилось, происходит заражение поверхности камня различными бактериями и отшелушивание защитной корки крупнозернистого гранита.


Многие посетители, пытаясь скопировать ри-

сондай-ақ жолақтармен бөлініп тұрған екі қиғаш кресті құрайды. Суреттердің арасында нашар сақталынған торкөз де бар. Бірнеше үшбұрышты, тік сызықтарды және басқа да геометриялық таңбаларды байқауға болады. Фигуралардың бірі тікбұрышты, ол екі түйіскен сызық арқылы төрт секторға бөлінген. Әр секторға бір бірден нүкте қойылған. Фигураның оң жақ бұрышынан екі сызық тарамдалған, оның бірінің ұшы сәл имектелген, оң жаққа бағытталған, ал екіншісі бірнеше бұрышты құрай келе, солға бағытталынып,

барлығын ішінде тік сызығы бар тікбұрышты фигура аяқтап тұр.

Үңгірдің төбесіне қиғаш крестердің тобы, баспана, үшбұрыштардың, үшкілдердің тізбесі, үшбұрыш құрайтын нүктелер салынған.

Ақбауыр суреттерінің мерзімін анықтау қиынға соғады, өйткені Қазақ Алтайында кездесетін суреттердің стилистикалық жағынан жалпылама хронологиясын жүргізетін ортақ тұжырымның сипаты жоқ. Көрші аймақтарда нақты хронологиясы анықталған осы сынды



мағынасы белгісіз, бірақ анық салынған бір фигурамен ұштасып кетеді. Соңғы сызық үш элементтен: бірінің үсіне бірі салынған екі айырықтан және төменгі жағына қойылған төрт нүктеден тұрады. Мифологиялық кейбір белгілер бойынша ол антропоморфты кескін мен күркеге ұқсайды.


Осы жерде бір қысқа жолақ пен трапеция типтес фигурадан тұратын, сондай-ақ ұштары айырылған крестер бар. Композицияның

қызыл қынамен салынған жартас суреттері де кездеспейді.

Суреттер мөлдір, қатты жартас қағымен көмкерілген, сол себепті бояудың тіпті бір кішкентай үлгісін де талдау жүргізуге алу мүмкін емес.

Хронологиялық тұрғыдан ұштастыруға төбедегі көрсетілген қос дөңгелекті арбаның суретін пайдалануға болады (Самашев, 1990, с.123-129).

три ломаные линии, две из которых образуют систему треугольников, а также два косых креста, пересеченных полосами. Среди рисунков есть и плохо сохранившаяся решетка. Просматриваются несколько треугольников, прямых линий и другие геометрические знаки. Одна из фигур отличается подпрямоугольной формой и разделена двумя пересекающимися линиями на четыре сектора. В каждом секторе имеется по одной точке. От верхнего правого угла фигуры отходит две линии: первая, короткая со слегка загнутым концом, направ-



лена вправо, а вторая, образуя несколько углов, идет влево и соединяется с неопределенной, но четко нарисованной фигурой. Последняя состоит из трех элементов: двух развилок, расположенных друг над другом, и четырех точек в нижней части. По ряду морфологических признаков она напоминает и антропоморфное изображение, и шалап.

Здесь же находятся одна короткая полоска и трапециевидная фигура, а также кресты, раздвоенные на концах. Всю композицию завершает подпрямоугольная фигура с вертикальной полосой внутри.

На потолке грота запечатлены: серия косых крестов, жилище, цепочки треугольников, ромбов, точки, образующие треугольную фигуру.

Датировка наскальных изображений из Ақбаура весьма затруднена из-за отсутствия общей хронологической колонки изменения стилистических типов рисунков для Казахского Алтая. Нет и прямых надежно датированных аналогий наскальным изображениям, выполненным красной краской, в соседних регионах.

Рисунки покрыты прозрачным твердым скальным налетом, почти не позволяющим взять даже небольшой кусочек краски на анализ.

Одной из хронологических «привязок» может служить рисунок – символ повозки, показанной сверху (в плане), на двух дисковидных колесах (Самашев, 1981, с. 69-76). Грузовая платформа повозки смещена назад по отношению к оси колес, а на конце дышла имеется ярмо с вертикальными притыками (занозами) для упряжных животных. Известно, что дисковидные колеса предшествуют колесам на спицах, но этот факт сам по себе еще не указывает на архаичность первых. Дело в том, что повозки на дисковидных колесах тысячелетиями сосуществовали с колесами на спицах, вплоть до этнографической современности. Более изменчивым во времени и пространстве элементом колесного транспорта, видимо, является ярмо со всевозможными приспособлениями. Понимание его конструктивного устройства позволит ответить на некоторые вопросы о хронологической и этнической атрибуции. Сочетание сплошных дисковидных колес и ярма с вертикальными притыками для бычьей упряжки подтверждает предположение о древности этой повозки. Расположение платформы позади оси также подкрепляет эту догадку. Существует мнение, что грузовые повозки с отодвинутым назад кузовом древнее, чем остальные (Кадырбаев, Марьяшев, 1977, с. 164).

Саймалыташские повозки на сплошных колесах малого диаметра выглядят даже более усовершенствованными, чем акбаурская: в большинстве случаев они показаны с треугольными рамами, выдвинутыми перед осью; от морды животных к руке погонщика идут линии, обозначающие средство управления; на ярме четко не обозначены притыки (Шер, 1980, с. 195-196).

Южно-среднеазиатские модели в основном двух-четырёхколесные, открытого типа, но судить о деталях ярма трудно из-за чрезмерной обобщенности в трактовке или их полного отсутствия.

Дата акбаурской повозки определяется не только по общему сходству основных конструктивных элементов со среднеазиатскими, переднеазиатскими, кавказскими и ямно-катакомбными повозками и их моделями, но и на основании

Арбаның жүк салатын тактасы білігінен біршама артына қарай шығарылған, ал дәртесінің ұшында мал жегуге арналған екі тік тесігі (істіктерімен) бар мойынтұрық байқалады. Тұтас дискілі дөңгелектер шабақты дөңгелектерден әлдеқайда бұрын қолданыла бастаса да, ол бұл арбаның көнелігіне куә бола алмайды. Тұтас дискілі арбалар шабақты арбалармен қатар сан мың жылдардан қазіргі замандарға дейін қатар қолданылып келеді. Арбаның құрылысы хронологиялық және этникалық атрибуциялар жөніндегі біраз

арбаларының өзі ақбауыр суретіндегі арбамен салыстырғанда неғұрлым жетілдірілген сияқты көрінеді: көп жағдайда олар үшбұрышты рамамен, білігі алға қарай шығарылғандығымен, бағыттау құралы ретінде жануардың тұмсығынан айдаушыға қарай сызықтар көрсетілетіндігімен; ал мойынтұрықта тесіктер көрсетілмейтіндігімен ерекшеленеді (Шер, 1980, с. 195-196).

Оңтүстік-орта азия арба үлгілері негізінен екі-төрт дөңгелекті, ашық. Бірақ мойынтұрық детальдарының сипаты жалпы-



жайттардың басын ашып бере алады. Тұтас дөңгелекті арба мен тігінен істік қадайтын тесігі бар өгіз жегуге арналған мойынтұрық арбаның көнелігін меңзейді. Арбаның білігінен артына қарай недәуір шығарылған тактай да осы тұспалымызды негіздей түседі. Күймесі артына қарай орналастырылған жүк арбалары өзге арба түрлеріне қарағанда неғұрлым көне деген пікір бар (Кадырбаев, Марьяшев, 1977, с. 164).

Кішкентай тұтас дөңгелекті Саймалыташ

лама берілетіндіктен, кейде тіпті мойынтұрық сипатталмайтындықтан біз оны өзге де арба үлгілерімен салыстыра алмаймыз.

Ақбауыр арбасын тек орта азия, алдыңғы азия, кавказ және ямно-катакомбалық арбалардың ортақ құрылысы белгілері мен олардың үлгілеріне қарап қай дәуірге жататынын анықтау жеткіліксіз, сондай-ақ, оларды маңайына салынған символдық белгілерді басқа да терракот мүсіндердің, керамика бетіндегі суреттердегі және басқа да атап өткен

анализа символических знаков, сосредоточенных вокруг нее и имеющих близкие соответствия в изображениях на керамике, на терракотовых статуэтках и других материалах вышеназванных регионов. Исходя из этих данных, для акбаурской повозки (и сопутствующим ей знакам) может быть предложена дата конец 3 – начало 2 тыс. до н.э., хотя не исключается, как удревнение, так и омоложение.

Неравномерная изученность памятников энеолита и ранней бронзы в Казахстане препятствует выявлению направлений этнокультурных контактов создателей акбаурского раскрашенного полотна в рассматриваемую историческую эпоху. Однако можно допустить, что благодаря удобному географическому расположению, этот регион был зоной интенсивных контактов между Южной Сибирью и Средним Востоком, а также с глубинными районами Центральной Азии. Такие связи археологически прослеживаются достаточно четко в андроновскую и последующие эпохи; они имели место, вероятно, и в энеолите, и в эпоху ранней бронзы, т.е. во время существования афанасьевской и окуневской культур Южной Сибири. Таким образом, писаницы грота Акбаур занимают самую начальную стадию развития наскального искусства эпохи палеометалла. Ближе к ним серия писаниц из верховой Иртыша – Бухтарминские, Маната, Сартымбет, а также у озера Жасыбай и грота Драверта в Павлодарской обл.; грота Тесиктае в Центральном Казахстане; у входа грота Караунгур в местечке Сусинген в Южном Казахстане и др.

Замечено, что создатели подобных рисунков отдавали предпочтение гротам, пишам и, непременно, светлым гранитным массивам с навесами. Вероятно, это неслучайное явление; основная масса росписей допалеометаллических эпох сосредоточена в пещерах и нанесена на поверхность светлых камней, т.е. здесь налицо цветопредпочтение и этому способствовали сами природные факторы, т.к. на темных поверхностях красные изображения абсолютно теряли бы всяческий смысл и эффект зрительного восприятия.

С большей долей вероятности можно предположить, что целый пласт изображений, выполнен-

ных красной охрой, связан с проникновением элементов традиций ямно-катакомбной общности, носители которой продвинулись, по нынешним представлениям, на восток. В результате нескольких миграционных волн с запада, а также непосредственного контакта с носителями соседнего окуневско-афанасьевского круга культур, особенно в северных и восточных регионах Казахстана, в рассматриваемый исторический период население значительной части современной территории нашей страны находилось в орбите глобальных этнокультурных явлений, вызванных взаимопроникновением пришлых и автохтонных элементов и благодаря этому облик местной культуры обрел особый колорит. На востоке Казахстана эти культуры представлены памятниками типа Усть-Нарым (парное позднеэнеолитическое или, скорее, погребение афанасьевского типа на поселении и другое захоронение здесь же в культурном слое) и материалами могильника раннебронзового века Канай (Черников, 1960, с. 32-34; Черников, 1970, с. 7).

В указанных культурах особое место занимала охра, которую широко использовали в погребально-поминальной обрядности, о чем свидетельствуют данные археологических исследований. В этом плане особый интерес представляет погребение женщины раннеэнеолитического времени (конец 4 – начало 3 тыс. до н.э.) близ г. Усть-Каменогорска, на окраине с. Меновное, где обнаружен кусок красной охры на тазовой кости с правой стороны. Скорее всего, кусок охры женщина носила в специальном мешочке на поясе (Ткачев, 2001, с. 111-115). Следует отметить, что примерно на равном расстоянии от комплекса Меновное находятся два грота - Акбауыр и Сартымбет с писаницами, выполненными красной охрой (Самашев, Ермолаева, Куц, 2008, с. 134-139).

Из «дальнедистанционных» параллелей укажем на находки из Донецкого Приазовья и Северного Донца в Восточной Европе, где с конца 3 тыс. до н.э. до 18 в. до н.э. жили племена катакомбной культурно-исторической общности, практиковавшие уникальный обычай рисовать на дне катакомб. Репертуар рисунков разнообразен – это стопы человека, спиралевидные узоры, зиг-

аймақтардан табылған материалдар бетіндегі суреттермен салыстыра отырып қарауға болады. Осы деректердің негізінде ақбауыр арбасын (оның маңайындағы таңбалармен ұштастыра отырып) б.з.б. III мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б. II мыңжылдықтың басы деп таңуға болады.

Қазақстандағы энеолит пен ерте қола дәуірі ескерткіштерінің тұтас зерттелінуі қарастырып отырған дәуірдегі ақбауыр бояулы суреттерін салған адамдардың этномәдени байланыстарының бағытын анықтауға кедергі келтіріп отыр. Бірақ, географиялық орналасу жағынан қолайлылығына қарағанда, бұл аймақ Оңтүстік Сібір мен Орта Шығыс, сондай-ақ Орталық Азияның түшкірдегі аудандары арасында жүрген тығыз қарым-қатынасқа қатысты болуы әбден мүмкін. Бұндай қарым-қатынастар археологиялық тұрғыдан энеолит дәуірінде де, андронов және одан кейінгі дәуірлерде көрініс табады, олар Оңтүстік Сібірдегі афанасьев және оқуньев мәдениеттері дамыған кезеңде де болған сияқты. Сондықтан, Ақбауыр үңгіріндегі суреттер палеометалл дәуірінде дамыған суреттердің ең алғашқы кезеңінен бастау алады. Бұл суреттерге дәуірі жағынан Ертістің жоғарғы ағысынан табылған – Бұқтырма, Манат, Сартымбет, сол сияқты Павлодар облысы Жасыбай көлі маңындағы Драверта үңгірінің бояулы суреттерімен; Орталық Қазақстандағы Тесіктас үңгіріндегі, Оңтүстік Қазақстан облысы Сусіңген деген жердегі Қараүңгір кіреберісіндегі бояулы суреттерінің топтамасымен неғұрлым тұстас келеді.

Бояулы суретті салушылар үңгірлерді, қуыстарды, ақшыл гранит тастардың бетін таңдағаны даусыз. Бояудың түсі неғұрлым қапық болу үшін ертедегі суретшілер табиғи тұрғыдан реңкі неғұрлым ақшыл тастардың бетін таңдағаны көрінеді. Палеометалға дейінгі дәуірлердегі суреттердің басым бөлігі осындай тастарға салынған, өйткені реңкі неғұрлым қара тастарға салынған суреттердің түсі қанық болмайтыны бізге белгілі.

Қызыл охрамен салынған суреттердің басым бөлігі ямно-катакомба қоғамдастығы дәстүрінің элементтерінің пайда болуымен байланысты, бұл дәстүрдің өкілдері болса белгілі бір себеп-

термен пығысқа қарай қоныс аударған. Батыстан ойысқан көптеген қоныс аударулар мен әсіресе Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарындағы көршілес оқуньев-афанасьев мәдениеті өкілдерімен болған мәдени байланыстар жергілікті жердің мәдениетіне ерекше айшық беріп, жаһандық этномәдениеттік құбылыстардың қазанында қайнатып, өзіндік қайталанбас келбетін қалыптастырды. Қазақстанның шығысында бұл мәдениеттер Усть-Нарым (кейінгі неолит немесе тұрақ жанындағы афанасьев мәдени қабатынан табылған молалар) және Қанай ауылы жанындағы ерте қола дәуіріндегі молалардан табылған материалдардан көрініс табады (Черников, 1960, с. 32-34; Черников, 1970, с. 7).

Аталмыш мәдениеттерде охра басты орын алады, қышаның жерлеу-ғұрыптық дәстүрде пайдаланылғандығын археологиялық зерттеулер айтақтайды. Оның жерлеу салтында пайдаланылғандығын Өскемен қаласы жанындағы Меновное ауылының шетінен табылған моладағы ерте энеолит дәуіріне жататын әйелдің мүрдесінің оң жақ жамбас сүйегіне жұққан қызыл охраның дағы да дәлелдеп отыр. (б.д.д IV мыңжылдықтың аяғы – III мыңжылдықтың басы.) Қышаның кесегі салынған кішкентай дорбаны әйел адам тірі кезінде белбеуіне байлап жүрген болуы керек (Ткачев, 2001, с. 111-115). Қызыл-күрең суреттері салынған Ақбауыр мен Сартымбет үңгірлері Меновное кешенінен аса алыс қашықтықта орналаспағанын ескеретін болсақ, бұл дәстүр аймақтағы қолданылуға белгілі бір заңдылықты сақтайтынын байқаймыз (Самашев, Ермолаева, Куц, 2008, с. 134-139).

Донец Азов маңы мен Шығыс Еуропадағы Солтүстік Донец жерінен табылған заттарды «қашықтан» жүргізілген салыстырулар нәтижесі ретінде алуымызға болады. Бұл жерде б.д.д. III мыңжылдық пен б.д.д. XVIII ғ. аралығында катакомбалық мәдени-тарихи қоғамдастық өкілдері мекендеген. Олар катакомбаның жер еденіне охрамен адам табанының суретін, спираль тектес өрнектерді, сопақша шеңберлерді, су өрнектерін, крестерді, үшбұрыш таңбаларды сызатын болған және қабірге суреттерді сызуға арналған құралдарды қоятын болған. Кебіндердің

Шығыс Қазақстанның жері ортағасырларда батыс Түрік қағанатының құрамдас бір бөлігі болғандықтан мұнда мемлекеттің аса ірі саяси және киелі орындарының болуы ғажап емес және өңірдегі кейінгі жылдардағы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ашылып отырған аса құнды ескерткіштер осының айғағы болып отыр. Ертеден ақ өңірдің көне түрік және кимақ кезеңдеріне жататын ескерткіштері көптеген зерттеушілердің назарында болғаны белгілі. С.С.Черниковтың, Ф.Х. Арсланованың, А.А.Чариковтың, Л.Н.Ермоленконың және тағы басқалардың ғылыми еңбектерінде кезінде орын алған этномәдени құбылыстар, олардың салыстырмалы тарихи кезеңдері және ескерткіштердің, әсіресе, көне түрік тасмүсіндерінің ішкі мазмұны мен құндылығы туралы көптеген мағлұматтар бар. Дегенмен, дәл осы және басқа да көне түрік мәдени кешеніне байланысты мәселелер алдағы уақытта да өзінің өзектілігін жоймайды. Сондықтанда, кез келген тың деректер немесе археологиялық олжалар біздің осы кезең жөніндегі білгенімізді арттыра бермек.

Сонымен, көне түрік мәдени кешенінің ажырамас бөлігінің бірі – орхон түріктерінің тіліндегі «бедіз» деп аталынатын тас мүсін. Антропоморфты бейнені көрсететін көне түріктердің тасмүсін қашау өнері туындылары VI–XIV ғасырларда сомдалынған және Ұлы дала мен оған шектесетін Шығыс Монғолия мен Еуропадағы Эльба өзенінің арасын алып жатқан аймақтарға орнатылған. Орта ғасырдағы бедізші (*bedizci*) шеберлердің тас қашау өнерінің айтулы үлгілері Монғолияда, Қазақстанда, Қырғызстанда, Алтайда, Хакасия мен Тывада, сондай-ақ Шығыс Түркістан мен Ішкі Монғолияда шоғырланған. *Bediz* (*bediz*, *bədz*) – бабалар құдіретіне арнап орнатылған тұрыптық-жерлеу кешенінің құрамдас бөлігі болып табылатын тас мүсінді білдіретін көне түрік сөзі. Сөздің этимологиясы – *bet*, *bed* «*bet әлем*», «*сұлба*», «*тұрпат*», «*дене*» деген сөздермен мағыналық жағынан түбірлес болып келеді. Осыған байланысты көне түрік тіліндегі «*bediz*» сөзі адамның/жануардың тасқа қашалған бейнесі болса, «*bediz urturtu*» – «*bədz ұрғызту*» - адамның не жануардың тас мүсінін қашау ұғымын білдіреді.

Қадірлі марқұмның құрметіне ас берген немесе тұрыптық жерлеу орындарына көне түрік тас мүсіндерін қоюдың өзіндік тәртібі мен тәсілдері бар. Ол *qorıq* - қорық деп аталатын белгілі бір социум тарапынан қасиетті орынға айналдырылған территориядағы культтік-мемориалдық кешендердің, тас қоршаулардың негізінен шығыс жағына қойылатын болған. Алайда әрбір мүсін белгілі бір адамға арналып қойылған. Бұған дәлел ретінде біз олардың үлгіленуі мен атрибуттануынан және оның тіршіліктегі статусынан байқаймыз (мысалы, билік символдары көрсетілуі, қымбат, бай кімнің көрсетілуі, малдас құрып отыру; тұрыптық құмырашаны салалы саусағымен пандана ұстап тұру немесе үлкен құмыраны қос қолымен ұстау; қару-жарақ пен бұйымдар жиынтығының үйлестіріле көрсетілуі т.б. – билік иесінің ескерткіші).

Классикалық көне түрік мәдениетінің таралу ареалы – Монғолияның батыс жағында, Алтай мен Тывада «қағандық» деп аталатын кешендер – тұрыптық-мемориалдық сипаттағы көрнекті нысандар орналасқан. Өздерінің көлемділігімен және құрамының күрделілігімен ерекшеленіп тұратын бұлар кезінде Тәңрі мен бабалар рухына арналып тұрыптық жүргізілетін немесе ас беруге арналған қорықтарға т.б., яғни мемлекеттік культтерді жүргізетін орталықтарға ғана емес, негізінен Ұлы Түрік қағанатының құрамындағы ру-тайпалық бірлестіктердің этносаяси консолидациясының символына айналып отырған.

Бүгінде бізге белгілі, қағандық орындарды қосқанда, тұрыптық-культтік кешендердің бірде біреуінен адам мүрдесі табылған жоқ.

Алайда, бұндай жағдайда біздің назарымыз кешендердің құрылысына (*baryq* > барық-кесене, қоршаулар, табыттар, таспақа түрінде жасалынған тұғыртас аркасына қойылған жазуы бар ұстындар – *bitiktas* > бітіктастар және т.б.) ауыш отыр, негізгі зерттеу нысаны ретінде олардың арасынан біз *bedizдер мен балбалдарды бөліп алып қарастырамыз*.

Осындай бабалар құдіретіне табынатын, марқұмның жанын Көк Тәңріге атқару сияқты салт-жоралар, кей жағдайларда құрбандық



Территория Восточного Казахстана в эпоху средневековья входила в состав Западно-тюркского каганата, поэтому здесь сохранилось большое количество памятников, которые отражают этносоциокультурные процессы, которые тогда происходили в степной Евразии. Памятники средневековья региона, особенно кимакские, всегда привлекали внимание исследователей.

В научных трудах С.С. Черникова, Ф.Х. Арслановой, А.А. Чарикова, Л.Н. Ермоленко и других, посвященных проблемам изучения средневековой истории Восточного Казахстана, имеются очень важные сведения о хронологии и этнической принадлежности, а также семантике памятников статуарного искусства этого региона. Тем не менее, всегда актуальны проблемы периодизации и классификации, расшифровка смыслового содержания реальных антропоморфных (изредка – зооморфных) образов, запечатленных в камне, а также использование их как достоверного исторического источника по истории региона.

Одной из важнейших составляющих древнетюркского культурного комплекса является каменная скульптура, обозначенная на орхоно-енисейских письменных памятниках как *Bediz* (*bediz*, *bədz*, *beduz*). Этимология слова – *bet* – лицо, *bed* имеет общие семантические корни со словами «*лицо*», «*силуэт*», «*фигура*», «*тело*». Следовательно, слово «*beduz*» в древнетюркском языке означало изображение человека/животного на камне, а словосочетание «*bediz urturtum*» - изготовление и установку каменной статуи человека/животного.

Большинство произведений статуарного искусства древнетюркских народов, передающее преимущественно антропоморфный образ, создано в 6-14 вв. и находится в пространстве Великой Степи и прилегающих регионах, расположенных между Восточной Монголией и рекой Эльба в центре Европы. Самые выдающиеся образцы камнерезного искусства средневековых мастеров сосредоточены на территории Монголии, Казахстана, Кыргызстана, на Алтае, в Хакасии и в Тыве, а также в Восточном Туркестане и Внутренней Монголии.

Есть общие принципы и правила установ-

ки древнетюркских каменных изваяний в честь знатного умершего - в местах совершения обряда ритуального погребения или тризна, главным образом, с восточной стороны кульгово-мемориальных комплексов, оград и др., располагающихся, как правило, в сакрализованных конкретным социумом территориях – *qorıq* > коруках. В то же время каждая статуя строго индивидуальна как по трактовке черт лица конкретного посвящаемого индивидуума, так и по общей моделировке и атрибутированию в зависимости от его прижизненного статуса (например, сидячая поза со скрещенными ногами, в сочетании с богатой одеждой и символами власти – это памятник властелину; аристократическая манера держать миниатюрный сосуд для ритуального напитка двумя подчеркнутыми изящными пальцами или большой кувшин обеими руками; регламентированный набор аксессуаров и оружия и т.д.).

В ареале классической древнетюркской культуры – в западной части Монголии, на Алтае и в Тыве расположены знаковые объекты поминально-мемориального характера - так называемые «княжеские» комплексы, которые выделяются масштабностью и сложностью структуры и которые в свое время становились не просто корыками – заповедными зонами, где совершались обряды, посвященные Верховному небесному Тенгри, духам предков, поминки (*yogu* > *йогу-жогкуу*) и т.д., но и являлись центрами отправления государственных культов, а в большей степени - символами этнополитической консолидации родоплеменных структур в составе Великого Тюркского каганата.

Ни один из известных на сегодняшний день поминально-культовых комплексов, включая каганско-княжеские, не содержит человеческие захоронения. Обычно в структуре таких комплексов (*baryq* > барык-кесене, ограды, саркофаги, *bitiktas* > бітіктасы на постаментах в виде черепах - стелы с надписями и т.д.), выделяются, как основные компоненты, *бедизы* и *балбалы*.

При возведении подобного рода поминальных объектов, предназначенных для проведения ритуалов поклонения культу предков, церемонии отправления души покойного небесному Тенгри

шалу рәсімі жүргізілетін ғұрыптық нысандарды тұрғызу кезінде, белгілі бір қатысушы адамдар тарапынан ұстын типтес тастар қойылатын болған. Бұндай тастар тізбегі көне түркі тілінде фонемалық құрамы жағынан екі бірдей түбірден тұратын *balbal* > *балбал* – бал + бал (қағу, енгізу, ұру) сөзі «тігінен қойылған ескерткіш тастар» деген мағынаны береді.

Талдауға ыңғайлы болу үшін орта ғасыр тас мүсіндерін біз ертеректе шартты үш топқа бөліп қарастыру мүмкіндігін айтқан едік (Самашев, Базылхан, Баяр, 2009, с.30-39)

I. Қағандық-тархандық (Қазіргі Моңғолия жеріндегі Білге қаған, Күлтегін, Нири қаған, Татпар қаған, «Шивээт уул», «Шивээт улаан», «Гарни», «Онгот» және басқалары).

II. Жоғарғы билік өкілдері, атақты қолбасшылар: шад, ябғу, апыт, тархан, бұйрық, шор (Білге Түниқұқ Бойла баға тархан, Чықан Күлі-шор, Алтын тамған тархан, «Дадға» және басқалары).

III. Жоғарғы шен иелері, жауынгер-батырлар, әйгілі адамдар, ақсүйектер.

Көне түріктік ғұрыптық кешендерде қағандар мен тегіндерге арналып қойылған тас мүсіндер тұрақты кейіпте – малдас құрып отырғызу сипатына ие. Маңдай тұсына мәңгі жаңару және бақыт құсы, Көк Тәңірінің символы – қанатын жайған түйғын(феникс) суреттелген бес тармақты тәж тек мемлекет басшысы ретінде қаған марқұмның басында ғана бейнеленетін болған. Тақ мұрагерлері – тегін, йабғу және шадтарда тәж көрсетілмеген сияқты, өйткені Тәңірінің жердегі өкілі ретінде тек қаған ғана танылатын болған, сондықтан алтын тәж тек қағанға ғана тән. Культтік-мемориалдық кешенге қаған мүсінімен қатар оның жұбайының, туыскандары мен қызметшілерінің мүсіндері де қойылатын болған. *Varyq* > *барыққа* (мемориалды кешен) сондай-ақ дәулеттіліктің символы және күзетушілері ретінде әртүрлі жануарлар – арыстан, қасқар, қой, т.б. бейнелері де орнатылған.

Ең көрнектісі ақшыл көк мрамордан жасалынған Білге қаған (Могилян, 735 ж.) мүсіні. Бұл мүсіннің басы сақталынбаған, қаған әдемі халат киіп, сол қолымен мықынын танынып отырған күйде бейнеленген. Осындай кейіпте оның әйелі,

Түниқұқтың қызы – Себек (Пофу) қатын бейнеленген; ол мүсіннің де басы сақталынбаған.

Білге қаған кешенінің жанындағы Күлтегінге арналған ескерткіштегі мүсіннің басында маңдайында геральдикалық түрде қанатын жайып тұрған түйғын құсы бар тәж кигізіліп бейнеленген. Кезінде зерттеушілер бұны Білге қағанның туған інісі Күлтегіннің басы деп таныған болатын. Біздің ойымызша Күлтегінге телініп жүрген маңдайында қаған елтаңбасы – геральдикалық кейіптегі түйғын құсы бар тәж кигізілген мүсін басының басында, қасиетті орынды арнайы тонаған не болмаса қорлаған кезде көрпі кешенге әкеліп тасталынған Білге қағандікі болуы да мүмкін.

Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Нири қағанның (589 г.) мүсіні де билік иесінің басындағы түйғын құс бейнеленген елтаңбасы бар тәжбен бейнеленуімен қызықты. Бұл жерде түйғын құс бейнесі бар елтаңба мен арқасын қосымша сызықпен сызылып стильдендірілген таутекенің (арқар) сұлбасы Ашина династиясының тікелей ұрпақтары үшін ғана бейнеленуі әбден мүмкін екенін айта кеткен жөн. Бұл мүсіндегі жазу Бұғыт ұстышындағы көне түркілердің алғашқы қағандарының бірі Татпарға (582 г.) арналған соғды жазуымен тектес болып келеді.

Шивээт уул кешеніне қойылған ер адамның мүсіні де назар аударарлықтай. Ескерткіште үшкіл жағалы, өсімдік орнаменттерімен безендірілген әдемі ұзын етеккі халат киіп, малдас құрып отырған жігіттің сұлбасы бейнеленген. Персонаждың басында кәдімгі тан типіндегі бас киім бар. Мүсінде билікті көрсететін бұйымдар жоқ, сондықтан да оны қағандық мүсін деп тануға болмайды.

Енді Шивээт улаан тауындағы мүсін ескерткіштеріне бай кешен туралы айта кетейік. Мүсіндерді зерттеу барысында біз ер адам мүсінінің қолындағы аса таяққа назар аудардық. Олардың біреуінің төрт қырлы сабының басы адамның бет әлпетінде суреттелген. Қырларының екі жағы сақталынған. Төрт қырдағы бет-әлпет көне түркілердегі дүниенің төрт бұрышы мен оны сақтаушы және жаулаушы күдіретіне ие қағанның әлеуетін білдіретін болса керек.

Бұл ескерткішті мерзімдеудің және танудың бірнеше нұсқасы бар. Кейбіреулер бұл кешен 693

и таких действий как жертвоприношения и т.д., возможно, что определенная категория участников устанавливала в ряд стеловидные камни. Такие каменные цепочки называли древнетюркским словом *balbal* > *балбал*, состоящим из двух равных по фонеме частей – бал + бал (бить, вбивать, колотить), которое передает смысловое значение «памятные камни, установленные вертикально».

Ранее тюркские каменные изваяния мы разделили на три условные группы (Самашев, Базылхан, Баяр, 2009, с. 30-39):

I. Каганско-княжеские;

II. Представителей верховной власти, высших полководцев: шад, ябгу, апыт, тархан, буюруки, чур;

III. Высших чинов, воинов-героев, знатных людей, аристократов.

Для каменных статуй первой группы - каганов и наследных принцев (тегинов), установленных в культово-поминальных комплексах, характерен устойчивый канон - сидячая поза со скрещенными ногами. Представляется более вероятным, что пятичастная корона с птицей счастья и вечного возрождения, символа небесного Тенгри-феникса с распростертыми крыльями на высокой лобной доле, изображалась только на голове статуи покойного кагана, как главы государства. На изваяниях наследников трона - тегинов, йабгу и шадов - корона, по-видимому, не изображалась, поскольку посланником Тенгри на земле считался только каган, золотая корона принадлежала только ему. В культово-мемориальном комплексе, наряду с каганской, устанавливали статую его супруги, родственников, прислуги. В *bariq* > *барык* (мемориальный комплекс) также входили изваяния разных животных – льва, волка, барана и т.д. в качестве охранителей сторон и символа благоденствия.

Наиболее примечательна статуя Бильге кагана (Могилян, 735 г.), выполненная из бело-синего мрамора. Голова этого изваяния утеряна, каган изображен в сидящем положении, одетым в роскошный халат, его левая рука покоится на бедре. В такой же манере выполнена статуя его жены – Себек (Пофу) катуна, дочери Тоньюкука; ее голова также отбита, отсутствует.

На фрагменте скульптуры из соседнего с ком-

плексом Бильге кагана памятнике, воздвигнутого в честь принца Культегина голова изображена в короне, где помещена птица-феникс с геральдическим изображением распростертых крыльев. Исследователи в свое время идентифицировали эту находку со скульптурной головой принца Культегина, родного брата Бильге кагана. Можно предполагать, что скульптурная голова в короне с изображением каганского герба - птицы-феникса в геральдической позе, приписываемая Кюльтегину, могла принадлежать на самом деле Бильге кагану, перемещенная в результате ограбления или преднамеренного осквернения святыни.

Другая, достоверно известная каганская статуя принадлежит Нири (589 г.). Она находится на территории Синьцзяна в КНР и интересна тем, что на голове властителя изображена корона с гербом в виде птицы. Герб государства (в виде Феникса) и тамга правящего рода Ашины (стилизованный образ горного козла или архара с дополнительной черточкой на спине) использовались, возможно, только прямыми представителями этой династии. Надпись на этой статуе выполнена согдийским письмом как на Бугутской стеле, установленной в честь одного из первых древнетюркских каганов – Татпара (582 г.).

Интерес представляет каменная статуя мужчины, установленная в комплексе Шивээт уул на Орхоне. Статуя передает образ молодого человека, сидящего скрестив ноги, одетого в плотно облегающий длиннополый халат распашного покрова с треугольными отворотами, роскошно декорированный растительными мотивами. На голове персонажа изображен обычный головной убор танского типа. На нем не обозначены атрибуты власти, поэтому эта статуя не может быть определена как каганская.

Укажем также самый грандиозный и насыщенный статуарными памятниками комплекс на горе Шивээт улаан в Монголии. Существует несколько вариантов идентификации и датировки этого памятника. Одни считают, что комплекс возведен в 693 г. в честь Ильтерес (Кутлук) кагана, другие относят к более раннему периоду правления Бумын и Истеми каганов.

В Восточном Казахстане имеется две древне-

жылы Елтеріс (Құтлық) қағанға арнап салынған десе, енді біреулер бұдан ерте кезеңдегі Бумын мен Істемі қағанға қойылған деп санайды.

Қазақстан жерінде табылған ескерткіштердің арасында екі мүсінді біз қағандардікі деп есептейміз. Біреуі Тарбағатай тауынан табылған? Қазір Ақсуат өлкетану музейінде, екіншісі Өскемен қаласындағы облыстық музейде.

Көне түрік қоғамының жоғарғы билік өкілдеріне, лауазымымен орнына байланысты белгілі бір рудын немесе фратридің (мысалы, Онгин Ел етміш жабғы кешенінің, Тұниұққұқ Бойла баға тарханның, Күлі-чор, қағанның алтын мөрін сақтаушы – Алтын тамған тарханның) нақты таңбасы басылған бітіктастар мен көптеген тас мүсіндері бар алып салт-ғұрыптық кешендер орнатылатын болған. Зуун-туру кешені осындай ескерткіштердің қатарына жатады.

Әйгілі қолбасшылар мен кеңінен танымал көшбасшыларға, өзінің іс-әрекетімен көзге түскен адамдарға арналған ғұрыптық орындарда жалғыз мүсін қойылатын болған. Кейде, бір біріне жалғастырыла салынған ғұрыптық қоршаулардың мөлшеріне байланысты тас мүсіндер орнатылды. Сондай-ақ бетіне адам келбеті мен таңба типтес белгілер басылған тастарды тігінен шаншу тәжірибесі болған.

Көне түріктердің осындай мүсін өнері ескерткіштерінің басым бөлігі негізінен адамдарды тұрған бойымен бейнелейтін болған, олардың қару-жарағына, жақсылап өңделген белбеуіне және бағырлар мен ержүрек адамдардың жеке түр тұрпатын: қияқ мұрттарына, шокша сақалдарына, өрілген бұрымдарына және т.б. жақтарына ерекше көңіл бөлінген.

Тас мүсіндер орнату келесі тарих кезеңдерінде де жалғасын тауып отырған. Бұл орайда аса қызықтысы Шығыс Европа территориясында тараған қыпшақ (половец, құман) мүсіндері. Бұл ескерткіштерде киім, қару-жарақ және басқа да бұйымдар ерекше бір шеберлікпен сомдалған. Бұл дәстүр кейін исламның тәртіптерімен үйлесе келе құлпытастар қою дәстүріне ұласқан.

Көне түркі дәуірінің бедіздерінің басым көбі бізге дейін бүлінген күйде жеткен. Сондықтан ғылыми айғақтау, зерттеу мен қалпына келтіру, сондай-ақ музейфикациялау мен оларды елге таныту әлемдік мәдени қоғамдастықтың кезек күттірмейтін шаруасы болып табылады.

Қазақстан территориясында орта ғасыр дәуірінде кең тараған ескерткіштер – тас мүсіндері бар ғұрыптық кешендер.

Төрбұрышты немесе дөңгелек тас шарбақтар VI-VIII ғасырларға тән. Олар жалпақ тастарды тігінен шаншу арқылы, немесе оларды бірінің үстіне бірін қалау арқылы өрілген. Тас мүсіндер осы шарбақтардың міндетті түрде шығыс жағына қойылатын болған. Аталмыш жұмыста біз олардың этномәдени немесе хронологиясына байланысты семантикалық сипаттауларын келтірмейміз, өйткені келешектегі еңбектерімізде оларға артайы талдау еңбегімізді арнайтын боламыз.

Төменде 2004-2009 жылы дала зерттеулерін жүргізу барысында Шығыс Қазақстанның Абай және Тарбағатай аудандарынан табылған тас мүсіндеріне сипаттама беріледі. Сонымен қатар салыстырмалы материал ретінде біз А.А. Чариков, Ф.Х. Арсланова, Л.Н. Ермоленко және басқалар жариялаған мәлеметтерді де пайдаландық.

тюркские статуи (из Ақсуата и областного музея), которые могут быть квалифицированы как каганские, поскольку в обоих случаях персонажи показаны в сидячем положении, со скрещенными ногами, левая рука покоится на бедре, а в правой находится сосуд с ритуальным напитком. Особенно примечательна статуя из музея с. Ақсуат, которая привезена из Тарбағатайского региона, где, по многим признакам, находился важнейший политико-административный и сакральный центр – корык Западно-тюркского каганата.

II. Представителям высшего сословия древнетюркского общества, в зависимости от ранга и положения, возводились также грандиозные культово-поминальные памятники с установлением множества каменных статуй и битиктасов, на которые наносились тамги их конкретных родов или фратрий (например, комплексы Онгин - Ел етмиш ябгу, Тоньюкука - Бойла баға тархана, Кули-чур, Алтын тамған тархана – хранителя каганской золотой печати и др.). К этой категории памятников относятся комплексы Зуун-туруу.

III. На поминальных памятниках, посвященных героям, переводителям и широко известным, особо отличившимся своими деяниями лицам, ставили одиночные изваяния. Иногда, в зависимости от количества пристроенных друг к другу поминальных оград, устанавливали в ряд соответствующее количество каменных изваяний. Практиковали также установку вертикальных камней-балбалов, на которых изредка можно увидеть изображения личин и тамгообразных знаков.

Изваяния этой, наиболее массовой группы памятников статуарного искусства древних тюрков, изображают людей, преимущественно, во весь рост, основной акцент делается на виды оружия, на тщательную проработку пояса и, конечно же, на передачу индивидуальных особенностей черт мужественных людей и героев: роскошные усы, изящная борода, заплетенные косы и др.

Внутри этой группы изваяний можно выделить несколько типов, подтипов и вариантов, разнообразие которых объясняется, естественно, причинами как хронологического порядка, так и этносоциокультурного характера.

Традиция установки каменных изваяний продолжалась и в последующие исторические периоды. В этом отношении особо примечательны кыпчакские (половецкие, команские) статуи, которые были распространены в Восточной Европе. На этих памятниках с особой тщательностью и большим мастерством проработаны костюм, оружие и другие атрибуты.

Традиция позже нашла свое воплощение у казахов и у других тюркских народов, синтезируясь с канонами ислама, это проявилось в установлении надгробных камней – кулпытасов.

Ниже дается предварительная характеристика каменных изваяний, выявленных в ходе полевых исследований в Абайском (Сарыколский археологический микрорайон) и Тарбағатайском районах ВКО, а также хранящихся в фондах и экспозициях различных музеев.



Сарыкөл аумағы.

Көне түрік заманымен мерзімделетін тас мүсіндері бар кешендер Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты Шыңғыстау тауының жайлауында орналасқан. Бір шағын жерде осынша ескерткіштердің орналасуы әрине тегін емес. Тас мүсіндер әрқашанда осы заманның қорғандары мен қоршауларының жанына қойылады. Бірақ, кітаптың тақырыбына орай біз ол ескерткіштерді тек, тас мүсіндер тұрғысынан ғана сипаттағанды жөн көрдік.

Қарасу-1. Басының төбесі биік, қушық. Қастары түмсеңгінің үстіне келіп қыйылған және шықшыттары барельефпен орындалған. Көздері мен аузы таяз сызықпен сонша анық емес етіп сызылған. Басы денесінен мойнымен иықтарынан

шығарып бөлек үлгіленген. Басының жалпақтығы монолиттен үлкен. Қолдары төмен түсірілген, тек қолының басы кіндігінің үстіне қарай қойылған. Қолдарының түйіскен тұсында дөңгелекше ойық бар. Саусақтары салалы. Қолдарының төменгі жағында жыныс мүшесі бейнеленген. Жыныс мүшесінің басы анық көрсетілген.

Тас мүсін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультеті жанындағы мұражайда сақтаулы.

Қарасу-2. N 48° 41'04,5; E 78° 56'53,2. Жалпақ тастан жасалған көне түрік дәуірінің қоршауы. Көлемі 8 x 8 метр биіктігі 1, 2 метр. Шығыс бетінде биіктігі 1 метр жасыл тастан жасалған тас мүсін орналасқан. Сынтас тәріздес. Бет әлшеті, қасы анық бедерленген. Мойнында алқасы бар.



Сарыкөлский микрорайон.

Карасу-1. Верх головы высокий, сужающийся. Брови, совмещенные с носом; скулы выполнены барельефом. Глаза и рот воспроизведены невыразительными углублениями. Голова смоделирована отдельно от туловища, показаны шея и плечи. Кисти опущенных вниз рук сведены внизу живота. Изображен фаллос.

Изваяние сейчас находится в музее археологии при кафедре археологии и этнологии исторического факультета КазНУ им. аль-Фараби.

Карасу-2. Координаты: N 48° 41'04,5; E 78° 56'53,2». Статуя установлена с восточной стороны каменной оградки, размерами 8 x 8 м. Изваяние высечено из плоского плитняка. Отчетливо видны дугообразные брови, которые сведены с тонким прямым носом. Хорошо выражены скулы и маленький рот. Голова отделена от туловища изображением заостренного подбородка и схематически обозначенной линией шеи. Ниже шеи видна гривна.



Сылдырбулак. N 48° 39'44,8; E 78° 59'047.
Басының жоғарғы жағы биік, тікбұрыш.
Мойнының сызығы арқылы басы бейнеленген.
Қастары қиылған. Дөңгелек көздері бедер арқылы
шығарылған. Бет келбеті біртұтас бедермен
берілген.

Сылдырбулак. N 48° 39'44,8; E 78° 59'047».
Верхняя часть головы высокая, прямоугольная.
Голова выделена из монолита схематичной лини-
ей, обозначающей шею. Брови стилизованы. Гла-
за округлые, переданы углублениями со слегка
выступающими краями. Очертания лица выделе-
ны единым барельефом.



Қарашоқы-1. N 48° 47'41,24; E 78° 38'36,62.
Көне түрік дәуірінің қорғаны, үш тас мүсін бар, төртіншісі жергілікті тұрғындардың айтуынша ортасында көміліп қалыпты.

1. Басының жоғарғы жағы дөңес. Басы монолиттен бөлектелінбеген, жынысы белгісіз. Қастары қиылған, мұрын үстінен түйісіп тұр, қастарының аяғы беттің контурымен ұштасып жатыр. Көздері мен аузы долақ арқылы берілген.

2. Басы монолиттен бөлектелінбеген. Басының

жоғарғы жағы шошақ, шошақ бас киімге өте ұқсас. Тұзу қастары тұмсық үстінен қосылған. Көздері кішкентай, сығыр, бедер арқылы берілген, ернінің контуры анық көрінеді. Жалпақ беті монолиттен шығып тұр. Кеудесіндегі алқа-тұмары анық көрінеді.


3. Басының төбесі дөңес. Басы монолиттен бөлектелінбеген. Қыр мұрын, дөңгелек көздері бедермен көрсетілген. Еріндері оймақтай етіп жасалынған. Беті монолиттен шығыпқы.



Қарашоқы-1. N 48°47'41,24»; E 78°38'36,62».
Три изваяния. У одного из них верхняя часть головы скруглена. Брови дугообразные, стилизованные, совмещаются с носом и сливаются с контуром лица. Глаза и рот воспроизведены углублениями со слегка выступающими краями.

У другого верхняя часть головы имеет остроконечную форму. Лицо монголоидное. Брови прямые, совмещены с носом. Глаза маленькие и выпуклые. Хорошо читаются контуры губ. Лицо широкое. Довольно отчетливо виден нагрудник.

Голова третьей статуи не выделена из монолита. Нос прямой, глаза выпуклые миндалевидные. Выразительно показаны контуры губ.





Қарашоқы- 2. N 48° 48'04,60; E 78° 40'11,00.
Талдыбұлақтан солтүстік батыс бағытта- 8 шақырым жерде орналасқан. Көне түрік дәуірінің қоршауы жалпақ плита тастарды қабырғалай қою арқылы тұрғызылған. Төртбұрыш терізді қоршау 2 метр, бір мүсін қызыл граниттан, биіктігі-1, 3 метр, жоғарғы жағы сынған, қолдарының сілемі ғана көрсетілген. Екіншісі қоршаудың сыртқы жағында үшке бөлініп қалған. Басы бөлек, денесі және төмен жағы бөлек.



Қарашоқы- 2. N 48°48'04,60»; E 78°40'11,00».
Изваяние находится внутри каменной оградки из вертикально поставленных на ребро плит. Высечено из крупнозернистого гранита красного цвета. Верхняя часть отколота. Видны лишь едва заметные наметки рук.



Киши жамбасбулақ. N 48° 40'41,9; E 78° 58'24,3. Екі тас қоршау, біреуінің шығыс жағында екі тас мүсін орнатылған. Біреуі көк граниттен, екіншісі қызыл граниттен жасалған. Биіктіктері 1,5-0,8 метр.

1. Тас мүсін қызыл граниттен сомдалған. Жоғарғы жағы тік бұрышты дөңес. Бетінің сұлбасы бүлініп қалған. Монолиттен шығыңқы тұрған бетінің контуры ғана көрінеді. Кеудесіне қарай қусырылған қолдарының тым нашар сұлбасы байқалынады.

2. Тас мүсін көк граниттен қашалынған. Жоғарғы жағы дөңес. Басы монолиттен бөлектелінбеген. Бет-пішіні бүлініп қалған. Иегінің сұлбасы көрінеді.



Киши Жамбасбулақ. N 48°40'41,9»; E 78°58'24,3». Два изваяния. Одно из них изготовлено из красноватого гранита. Верх прямоугольный, с закругленными краями. Едва заметны скрещенные на груди руки.

Другое изваяние исполнено из синего гранита. Верхняя часть скруглена. Голова не выделена из монолита. Лицевая часть статуи сильно повреждена. Схематично показан подбородок.

Текебулақ. N 48° 41'02,5; E 79° 01'37,3. Текебулақ I қорымынан шығысқа қарай бір шақырым жерде орналасқан. Тас үйіндісі бар қорғанның шығысында екі тас мүсін бар. Бастары бөлініп қалған.

Мүсін сол жағына қарай жантая, белуардан жерге кіріп жатыр. Басы қағылып қалған, мойнының ойық контуры сақталынған. Кеудесі доңгелек контурмен қашалынып шығарылған.



Текебулақ. N 48°41'02,5»; E 79°01'37,3». С восточной стороны каменной насыпи сохранились нижние части двух изваяний. Фигуры фрагментарные. У одного просматривается контурное изображение груди.





Қона -1. N 48° 42'39,7; E 79° 03'30,4. Қопа өзенінің төменгі ағысынан шығысқа қарай орналасқан. Кешен қатар орналасқан жалпақ тастары тігінен қойылған үш қоршаудан тұрады. Ортаңғы қоршаудың шығысында түркі дәуірінің тас мүсіні бар.

Тас мүсінің басының жоғарғы тұсы сындырылған. Басы монолиттен бөлектелінген. Иықтары бар. Беті қатты бүлінген. Тек үлкен көздерінің бедері мен қыр мұрыны байқалады. Оң қолы білегінен бүгіліп, кеудесіне қарай ыдыс ұстатып қойылған. Сол қолы сәл бүгіле келе ілгек сапты қанжар ұстап тұр.



Қона -1. N 48°42'39,7»; E 79°03'30,4». Комплекс расположен на правом берегу реки Кона. С восточной стороны одной из трех каменных оградок сохранилось изваяние с поврежденной головой. Голова выделена из монолита, показаны плечи. Видны выпуклости глаз и прямой нос. Правой рукой держит сосуд. Левая рука покоится на рукояти кинжала с петлевидным навершием.



Қона-2. N 48° 42'39,6; E 79° 02'48,5. Текебұлақтап солтүстікке 35° орналасқан. Қона өзенінің төменгі ағысында. Тас үйіндісі бар қорғанның шығысында екі тас мүсіні орналастырылған. Тас мүсіндердің келбеті контурмен қашап өңделген. Біреуінің төбесінде такія тәріздес бас киім көрсетілген. Біреуі ер, біреуі әйел адамның бейнесі. Мүсіндер бетімен шығысқа қаратылып, СО сызығымен тұр. Осы екі мүсін негізінде осы ескерткіште екі әйел адамның анасымен қызының, енесімен келінінің жерлеуі болуы ықтимал деп болжанды.

1. Солтүстік шегіндегі мүсін. Ірірек, қалыңдығы – 19 см, ені – 36 см, қазіргі жер бетінен биіктігі – 102 см. Мүсін төбесінде «такія» тәрізді бас киім ойылып келтірілген. Мүсін бетінде көз, мұрын ауыз бейнемелері аңғарылады. Бет

келбетінің ені – 28 см, биіктігі – 40 см..

2. Оңтүстік жағындағы мүсін. Алғашқысынан кішірек, қалыңдығы – 14 см, ені – 33 см, көрінетін биіктігі – 86 см. Мүсіннің келбетінде көз, ауыз, мұрын бейнемелері көрінеді. Бейнемелер солтүстік мүсіндікіне қарағанда анығырақ аңғарылады. Мүсін келбеті домалақтау келген, иегі үшкір. Иек деңгейінде солтүстік мүсіндікіндей үңгімелер бар, бірақ олар анығырақ көрінеді. Сонымен қатар оңтүстік мүсін келбетінің жоғарғы бөлігінде, маңдай жағында екі иілген жолақ бар. Бұл қас немесе өрілген шаш болуы мүмкін, дегенмен жолақтар кимешектің «ожақ» деп аталатын бөлігіне ұқсайды. Жоғарыда айтылғанның негізінде екі тас мүсін әйел адамдарды бейнелеген деп пайымдауға болады.



Қона-2. N 48°42'39,6»; E 79°02'48,5». Комплекс расположен на правом берегу реки Кона, состоит из каменной насыпи и двух изваяний. Одно из них высечено из серого гранита. Неплубокими бороздками переданы брови и рот. Слабо видны глаза и нос. Другое изваяние, как и первое, выполнено на плоской поверхности каменного стержня.





Кеңкөгәл-1. N 48° 37'39,6; E 78° 53'43,0. Тас мүсін сұрғылт граниттен жасалынған. Басының төбесі дөңес. Қиылған қастары мұрнымен түйісіп тұр. Үлкен қой көздері томпақша етіп берілген. Оң көзі бүлініп қалған. Үлкен мұртының ұшы сақалымен жалғасып жатыр. Томпақша еріндерінің ортасы көлденеңінен. Бетінің төменгі жағы иек тұсына келгенде ойық арқылы анықталады. Кеудесіне қарай бүгілген қолымен ыдыс ұстап тұр, ал сол қолы қылыштың сабын ұстаған.



Кеңкөгәл-1. N 48°37'39,6»; E 78°53'43,0». Изваяние выполнено из серого гранита. Верхняя часть головы скруглена. Брови стилизованы и совмещены с носом. Большие миндалевидные глаза обозначены выпуклостями. Кончики усов приподняты вверх. Голова отделена от туловища схематическим углублением, выделен заостренный подбородок. Правой согнутой в локте рукой человек держит сосуд, а левая рука покоится на рукояти сабли.



Кеңкөгал-2. Тас діңгектің басы дөңес. Бет пішіні монголоидты. Қиылған имек қастары мұрнымен ұштасып тұр. Қой көздері үлкен. Мұрныда сәнді етіп жасалынған, мұрын қуыстары көрсетілген. Аузы кішкентай ойық сызықпен берілген. Үлкен қайқымұрты сақалымен қосылып кеткен. Құлақтарында салпыншақты сақиналы сырғасы бар. Басы монолиттен бөлектенбеген. Жүйелі сызықпен мойны көрсетілген. Оң қолы білегінен бүгіліп кеуде тұсына қарай ыдыс ұстап тұр, ал сол қолы қылыштың сабын ұстаған.

Тас мүсін Семей қаласындағы № 6 мектеп-гимназиясында тұр.

Кеңкөгал-3. N 48° 37' 52,5; E 78° 53' 28,6. Екі тас қоршау. Шығыс бетінде тас мүсін бар. Мүсіннің бет әлпеті табиғи эрозияға қатты ұшыраған, тек қана мұрны мен қолдары сәл-пәл байқалады.



Кенкогал-2. Лицо изображаемого персонажа монголоидное. Брови дугообразные, показаны стилизовано. Глаза большие, миндалевидные. Рот выделен маленькой бороздкой. Кончики выразительных усов закружены. В ушах кольцевидные серьги с подвеской. Схематичной линией обозначена шея. Правая рука согнута в локте и держит сосуд, а левая - покоится на рукояти сабли.

В настоящее время изваяние хранится в краеведческом уголке гимназии № 6 г. Семей.

Кенкогал-3. N 48° 37' 52,5; E 78° 53' 28,6». Изваяние установлено с восточной стороны двух каменных оград-ящиков. Голова изваяния не отделена от монолита. Обе руки изображаемого согнуты на груди.





Қоратогай тас мүсіні. N 48° 48.301; E 078° 59.544. Көне түрік дәуірінің қорымы. Барлығы 6 қоршау, екі үлкенінің диаметрі - 16 метр, шығыс бетіне жақын екі тас мүсін тұр. Біреуі қызыл, екіншісі көк сұр граниттен істелінген. Оң жақтағы қызыл граниттен жасалған мүсіннің беті эрозияға қатты ұшыраған. Сұр тастан жасалынған тас мүсіннің төбесі шошақ, көздері дөңгелек, қыр мұрышды, ауызы дөңгелек ойықпен берілген. Бұл тас мүсіндер елді мекенге жақын орналасқаннан болуы керек, орындарынан қозғалтылған және біреу өте қатты эрозияға ұшыраған.



Қоратогай. N 48°48'301»; E 078°59'544». С восточной стороны каменной оградки находятся два изваяния. Одно из них изготовлено из крупнозернистого гранита серого цвета. Голова статуи отделена от монолита выступающим овалом лица. По бокам изваяния заметны следы изображений рук. У другого – можно различить контуры лица, прямой нос и рот. Намечен нагрудник.



Сарытымақ тас мүсіні. Жалғыз қорған. Шығыс жағында үш тас мүсін орналасқан. Бет әлпетіне қарай біреуі ер адамдікі, ал екеуі әйелдікі. Қорған диаметрі бес метр тастан үйілген. Мүсіндер қызыл граниттен жасалған. Жер бетінен биіктіктері екеуі 70 см, ортасындағысы 1 метр. Мүсіндердің бет әлпеті тым нашар байқалынады. Тас мүсіндер қатты эрозияға ұшыраған. Бейнелеу мәнері әртүрлі.



Саржал. Бет-пішіні терең контурлы кашаумен жасалынған. Дөңес қастары танауының үстінен түйісіп тұр. Кішкене қой көздері ойықша арқылы берілген. Жіңішке сызықпен мұрты көрсетілген. Аузы терең ойық арқылы сызылған, иегінде контурлы сызықпен сақалы бейнеленген. Мойны арқылы басы монолиттен бөлектелінген. Қолының сұлбасы тым нашар көрінеді, сұлбаға қарасақ, сол қолымен ыдыс ұстап тұр, ал оң қолы төмен түсірілген.



Сартымақ. С восточной стороны каменной насыпи установлено три изваяния. Сохранность статуи очень плохая. Антропоморфные черты переданы схематично, намечены островерхие головные уборы. У одного из них изображен нагрудник.



Саржал. Очертание лица выполнено глубокой контурной выбивкой. Брови дугообразные, изогнутыми концами соединяются с линией носа. Глаза маленькие, миндалевидные. Тонкой линией показаны усы. Рот показан глубокой канавкой, ниже – контурной линией намечена борода. Голова выступает из монолита линией шеи. Показан сосуд в руке.



Батырбасы. Батырбасы жайлауынан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде ішінде тігінен мүсін қойылған екі тас жәшік бар. Тас мүсіндер ұстын типтес. Біртұтас бедермен тас мүсіндердің бет-пішіні берілген. Контурмен қашалған қой көздері бар. Қастары дөңес, қыр мұрынды, бет-пішіні жақсы жасалынған. Бетінің пішіні ерекше жолақпен қашалған.

Шатқал. Екі көне түрік дәуірінің қоршауы. Үлкенінің шығысында тас мүсін тұр. Бет әлпеті табиғи эрозияға ұшыраған, дұрыс көрінбейді. Оң қолын кеуде тұсына ұстап тұр.



Батырбасы. В 1,5 км к северо-западу от ледовки Батырбас расположены две ограды из вертикально поставленных плит. Два изваяния находятся внутри оград. Изваяния стеловидные. В верхней части изваяний изображены черты лица: миндалевидные глаза, дугообразные брови, прямой нос.

Шатқал. С восточной стороны каменной оградки установлено изваяние. Лицевая сторона подверглась сильной эрозии, поэтому очертания плохо читаются. Видны лишь следы бровей и носа. Голова выделяется из монолита схематичным изображением шеи.





Бетқайың. Мүсін жергілікті таудың тасынан жасалынған. Басының жоғарғы жағы және бет пішіні бүлініп қалған. Тек танауының ұшымен аузының бейнесі ғана сақталынған, контурлы сызықпен еріндері көрсетілген. Мойны мен иегі ойық арқылы жасалғандықтан басы денесінен бөлек етіп көрсетілген.

Қаракемер. Қаракемер қорымы Сарыкөлден солтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан. Қорым үш қорғаннан тұрады. Қорған үйінділері ірі қиыршық тастардан жасалған. N 48° 50'53,56; E 78° 47'27,34.

№3 қорған. Қорғанның шығыс жағында қызыл граниттан жасалған тас мүсін орнатылған, басы сыншып қалған, қолдарының сілемі ғана көрсетілген. Мүсін қиғашынан жатыр, жер бетінде шығып жатқан ұзындығы 2 метр.

Бетқайың. На камне сохранились лишь очертания кончика носа и рта. Губы показаны контурными линиями. Голова выделена из монолита.

Қаракемер. N 48° 50'53,56;» E 78° 47'27,34». Фрагментарно сохранившееся изваяние; прослеживаются лишь очертания рук.





Таутанбулақ. N 48° 57'20,7; E 78° 38'38,6.
Көне түркі дәуірінің кешені. Оңтүстік шетіндегі қоршаудың шығысында бір тас мүсін орнатылған. Мүсіннің өлшемдері: 125 x 30 x 15 сантиметр. Көк гранит тастан жасалған. Төбесі шошақ. Мүсіннің бет әлпеті анық емес. Мұрыны тік, қабағымен жалғасқан. Иегі мойынынан бөлек бедерленген. Көзі мен аузы дөңгелек етіп берілген. Қолдары бедерленбеген.



Сарыкөл.

1. Жоғарғы жағы дөңес. Жынысы белгісіз. Бедерлі дөңес қастары бетінің контурымен ұштасып тұр. Көздерімен аузы бедер арқылы жасалынған. Сәл ғана байқалатын қолдары білегінен кеудесіне қарай бүгіле көтерілген, оң қолы сол қолынан жоғары қойылған.

2. Жоғарғы жағы кертеш. Монолиттен пығыңқы беттері басының пішінін көрсетіп тұр. Бет-пішіні ойық контурмен қапалған. Көздері дөңгелек. Дөңес қастары мұрын үстіне қарай келіп ұштасқан. Аузы кішкентай ойықшамен берілген.

3. Қою сұрғылт граниттен жасалынған тас мүсін шеңбер шарбақтың шығыс жағына қойылған. Контурмен қапалынған бет-пішіні нашар байқалынады.

Таутанбулақ. N 48° 57'20,7»; E 78° 38'38,6».
С восточной стороны каменной оградки установлено изваяние. Очертания лица человека читаются плохо. Едва заметны контуры бровей и носа. Голова выделена из монолита изображением подбородка.





Сертек. N 49° 07.561; E 080° 12.361. Көне түркі дәуірінің қорымы, әртүрлі көлемдегі қоршаулардан тұрады. 1 – тас мүсін, жер бетінде басы 40-50 см солтүстікке жантая шығып жатыр. Басы мен көздері дөңгелек келген, тік мұрынды ауызы ойықпен берілген. Мойыны мен шаштары көрсетілмеген.

Қорғантас. N 49° 06.547; E 079° 53.483. Архат-Семей тас жолынан Қорғантас қыстағына барар жолдың шығысында орналасқан. Барлығы 6 қоршау. Солтүстік – шығыстан оңтүстік – батысқа қарай созыла орналасқан. Солтүстік-шығыс шетіндегі ұзындығы 7 x 7 метр, қорғанның ортасында тас мүсін орналасқан. Шығыс жақтан ұзындығы 40-45 см басы дөңгеленіп берілген, бетінің солтүстік шеті эрозияға ұшыраған. Мұрыны ғана анық көрінеді

Сарыкол. Изваяния обнаружены неподалеку от одноименного комплекса. У одного верх скруглен. Дугообразные брови сливаются с контуром лица. Глаза и рот переданы углублениями, со слегка выступающими краями. Заметен контур рук. У второго изваяния прямой верх. Очертания лица переданы контурным углублением. Глаза округлые. Линия дугообразных бровей соединяется с носом. Рот показан маленьким углублением. Третье изваяние расположено с восточной стороны кольцевой оградки. Едва прослеживаются контуры очертания лица.



Сертек. N 49° 07.561; E 080° 12.361. Изваяние находится в наклонном положении. Верхняя часть головы скруглена. Глаза большие округлые. Нос прямой. Рот передан углублением.

Қорғантас. N 49° 06.547; E 079° 53.483. Изваяние расположено внутри каменной оградки размерами 7 x 7 м. Верх округлый. Лицевая часть подверглась сильной эрозии, виден лишь массивный нос.



Тарбағатай.

Өкпелі. Тас мүсіндері бар кешен Тарбағатай ауданының Үшгөбе ауылынан шығысқа қарай 5 шақырым жердегі Өкпелі деген биік таудың басындағы жазық алаңқайға қойылған.

1. Төбесі дөңес, биік. Дөңес қиылған қастары мұрнымен жалғасып жатыр. Көздері мен аузы кішкене ойықшамен берілген. Мойны мен иықты жүйелі ойық арқылы шығарып, басын денесінен бөлектеген. Контурлы бедермен басына киген жалбағай тымағы көрсетілген. Қолдары кіндік тұсына келе қусырылған. Саусақтары салаланған. Қолдарынан төменгі тұста жыныс мүшесі, оның басы қашалып шығарылған.

2. Басы сынып қалған. Кеудесінде көлемі бірдей екі томпақша бар. Иық тұсына келе бедер жоғалып кетеді, шынтағынан төменгі тұс дөңгелене шығарылған. Қолдарынан төмен жыныс мүшесі созылыққы үшкіл ойықпен берілген (әйелдікі болуы мүмкін). (Тас мүсіндердің аяқ жағы жерге көміліп тұр).

**Тарбағатай.**

Өкпелі. Комплекс с изваянием на горе Өкпелі находится в 5 км к востоку от населенного пункта Ушгөбе, Тарбағатайского района ВКО. Здесь находится два изваяния. Одно из них в головном уборе, в нижней части статуи прослеживается изображение фаллоса. У другого изваяния голова отбита, слабо сохранились руки.

**Сабындықол.**

1. Антропоморфты ұстын. Бас жағы дөңес. Бет-пішіні нашар көрінеді. Иық пен мойынды білдіретін сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген.

2. Жоғарғы жағы дөңес, биік. Көздері ойық сызықпен берілген. Қастары дөңес. Шықшыты шығыңқы. Сәл байқалынатын мұрты еріндерімен ұштасып тұр. Аздап байқалатын ойық арқылы бедерленген басын монолиттен бөлектеген.



Сабындықол. Две антропоморфные стелы. У одной верхняя часть округлая. Очертания лица слабо выражены. Форма головы выделена из монолита неглубокой бороздкой, обозначены шея и плечи. У другой – видны дугообразные брови, глаза и усы.





Қабаш.

1. Жоғарғы жағы дөңес. Дөңес қастары тұмсығымен ұштасқан. Үлкен қой көздері контурлы бедермен берілген. Үлкен мұртының бедері төменгі ернімен жалғасқан. Иық пен мойынды білдіретін жүйелі сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген.

2. Басының жоғарғы жағы дөңес және биік. Үлкен қой көздері контурлы бедермен берілген. Қыр мұрынды. Шықпыттары шығыңқы. Қою мұртымен сақалының бедері еріндерін анықтап тұр. Құлақтарында салпыншақ сырға көрінеді. Иық пен мойынды білдіретін жүйелі сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген. Кеудесінде контурмен тұмар-алқасы көрсетілген.

3. Антропоморфты тас мүсінің беті контурмен берілген. Бас жағы үшкір, сол жағына қарай қиғаш. Контурлы суреттің техникасы ерекше, сурет жалпақ граниттің тегіс бетіне салынған. Қызғылт граниттен жасалған ұстын типтес тас мүсін. Басы тікбұрышты. Бет пішіні қатты бүлінген. Бас жағы монолиттен шығыңқы.

4. Бет әлпеті тастың тегіс, жалпақ бетіне контурлы сызықпен бедерленген. Сақалы доғаланып

келген, орта тұсында мұрынының түзу сызығына бағытталған сызық бар. Мұрты қысқа, нәзік сызықпен берілген. Басы ұстынынан бөлінбеген тек қана бет сызықпен берілген.

Тарбағатай аудандық тарихи - өлке тану музейі.

1. Басы мен қолдары сынып қалған. Тас мүсін малдас құра отырған қалыпта бейнеленген. Тонының жағасы орама жағалы етіп жасалынған. Белбеуінің салпыншақтары төртбұрышты айыл-бастармен берілген, сол жағына пышақ ілінген, одан кейін төрт бұрыш футляр ілінген, оң жағына қанжар мен торсық ілінген. Белбеудің артқы жағында екі салпыншақ бар, олардың ортасынан белбеудің ұшы көрініп тұр. Төртбұрышты айыл-бастар тым бедерлі етіп жасалынған. Қағанның отырысымен, малдас құрған кейіпте бейнеленген ол қазақ жеріндегі бірегей тас мүсіндердің біріне жатады.

2. Төбесі төрт бұрышты. Басы монолиттен бөлектелінбеген. Қастары мұрнымен ұштасқан. Үлкен қой көзді. Аузы бедер арқылы созылыңқы етіп сызылған. Мұрты үстіңгі ернін анықтап тұр. Шоқша сақалы бар.



Қабаш. Четыре изваяния. Все они передают образ мужчины. У одного из них сохранились серьги и нагрудник. Видны усы.

Тарбағатайский районный историко-краеведческий музей.

В краеведческом музее хранится изваяние из белого гранита, привезенное с Тарбағатайских гор. Статуя отличается высокой техникой исполнения и передает образ восседающего в типичной позе катана. Ноги перекрещены. Голова и руки отбиты. Отворот кафтана валикообразный. Персонаж опоясан наборным поясом с подвесками. К поясу с левой стороны подвешены палаш, кинжал и кресало.

Другое изваяние передает образ усатого и бородатого мужчины с большими вытаращенными глазами.





Зайсан тарихи-өлкетану музейі.

1. Төбесі дөңес. Беті монголоидты. Қиғаш имек қастары мұрнымен ұштасып жатыр. Үлкен қой көздері томпақ. Мұрны да мәнерлі етіп жасалынған, мұрын қуыстары көрсетілген. Үлкен қайқы мұрты мен ерні бір бедермен берілген. Құлақтарында шар тәріздес ұзын салпыншаққа ілінген сырғасы бар. Салпыншақ сырға сақинасына ілінген. Зайсан қаласының өлкетану мұражайында сақтаулы.

2. Басының төбесі дөңгелене келген, кей жерлері сындырылып кеткен. Танауының, қой көздерінің, үлкен мұртының сұлбасы бедер арқылы берілген.

3. Басының төбесі дөңес. Иық пен мойынды білдіретін жүйелі сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген, қастары танауымен ұштасқан. Көздері мен аузы ойық сызықпен берілген. Құлақтарында сақиналы сырғалары бар. Төмен түсірілген қолдары қос сызықпен сұлбаланған.

Зайсан қаласының өлкетану мұражайында сақтаулы.



Историко-краеведческий музей г. Зайсан.

В фондах музея г. Зайсан хранится три изваяния.

1. Изваяние со скругленной верхней частью с монголоидным лицом. Брови стилизованные, дугообразные, совмещены с линией носа. Глаза большие, миндалевидные, показаны выпуклостями. Нос стилизован, проработаны поздри. Большие изогнутые усы и губы образуют слитый барельеф. В ушах показаны серьги с шаровидной подвеской, висящей на длинном стерженьке, прикрепленном к кольцу.

2. Верхняя часть головы скруглена и местами отбита. Углубленными бороздками показаны: нос, миндалевидные глаза, большие усы.

3. Верхняя часть головы скруглена. Голова отделена от туловища схематично выделенными шей и плечами. Брови совмещены с носом. Глаза и рот показаны углублениями. В ушах серьга кольцевидное. Двумя вертикальными желобками намечены опущенные руки.





Қалбатау тарихи-өлкетану музейі.

1. Ірі қиыршықты дінгек типтес граниттен сомдалған. Басының жоғарғы оң жақ бөлігі шағылып қалған. Имек қастары қиыла келе ұзынша қыр мұрнының бедерімен жалғасып кетеді. Үлкен қиық көздері ойық контурмен берілген. Миығында жіңішке қайқы мұрт салынған. Басы монолиттен тек иек пен мойынды білдіретін жүйелі сызық арқылы көрсетілген. Оң қолы білек тұсынан бүгіле келе кеудесіне қарай ыдыс ұстап тұр. Одан жоғары қанатын жайған шағын құс бейнеленген. Мүмкін ол құс бейнелі алқа шығар. Сол қолының сұлбасы байқалынбайды.

2. Ірі қиыршықты граниттен жасалынған. Жоғарғы жағы дөңес. Бір біріне жақын орналасқан көздері контурлы сызықпен беріле келе танауының қырымен жалғасып кетеді. Жіңішке бұйра мұрты бар. Аузы сәл байқалатын ойық сызықпен берілген. Иық пен мойынды білдіретін жүйелі сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген.

3. Граниттен сомдалған. Тегістіктің жоғарғы жағындағы табиғи шығыңқы дөңесі мүсінші оның мұрны ретінде бейнелендіктен бұл мүсінге ерекше бір әр беріп тұр. Қастары, көздері мен аузы ойық сызықпен сызылған. Қастары имек. Көздері кішкентай. Ерiнiң ұштары төмен түсіріліп, терең сызықпен салынған. Иық пен иекті білдіретін жүйелі сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген.



Историко-краеведческий музей Калбатау.

1. Изваяние выполнено из крупнозернистого гранита. Верхняя правая часть головы и лица отбиты. Брови дугообразные со спускающимися концами, в средней части сведены и соединяются с линией прямого длинного носа, показанного барельефом. Глаза большие подовальной формы, показаны углублением. Усы тонкие изогнутые. Голова выделена из монолита лишь схематическим изображением подбородка и шеи. Правая рука согнута в локте под прямым углом и держит сосуд. В области груди высечено изображение птицы небольшого размера с расправленными крыльями. Возможно, таким образом обозначен нагрудник. Очертания левой руки едва прослеживаются.

2. Изваяние исполнено из крупнозернистого гранита. Верхняя часть скруглена. Глаза изображены очень близко друг к другу, показаны углу-

блением по контуру, в средней части соединяются с линией носа. Усы тонкие волнистые. Рот изображен едва заметной бороздкой. Голова отделена из монолита схематичным изображением шеи и бороды.


3. Изваяние высечено из гранита. В верхней части на плоской поверхности имеется естественный выступ, использованный ваятелем в качестве носа, что придает статуе более естественный вид. Брови, глаза, рот выполнены углублениями. Брови дугообразные. Глаза маленькие. Рот представлен бороздкой с опущенными краями. Голова выделяется из монолита схематичным изображением подбородка.

Семей қалалық тарихи - өлке тану музейі.

1. Төбесі дөңес. Шаштары артқа қарай таралған. Ер пішінінен монголоидтық ажар байқалынады. Имек қастары мұрнымен жалғасып жатыр. Көздерінің шеті контурлы сызықпен томпақша етіп бейнеленген. Шықпшыттары шығыпқы. Үлкен бұйра мұрты төмен салбырап, сақалымен жалғасып жатыр. Еріндері анық көрінеді, құлақтарында шар тәріздес сырғалары бар. Басы денесінен мәнерлене бөлектелінген, мойнымен иықтары көрсетілген. Оң қолы білегінен бүгіліп, кеуде тұсына қарай құмыра ұстап тұр. Тонының үшкіл жағасы көрсетілген.

2. Төбесі дөңес, шеті қайырылған бас киімді көзге елестетеді. Бет-пішіні әйелдікі. Қастары имек. Кішкентай, ортасынан сызылған томпақша еріндері бар. Иық пен мойынды білдіретін жүйелі сызық арқылы басы монолиттен бөлектелінген.

3. Төбесі дөңес. Шаштары артқа қарай таралған. Ер пішінінен монголоидтық келбет байқалынады. Имек қастары мұрнымен жалғасып жатыр. Көздерінің шеті контурлы сызықпен томпақша етіп бейнеленген. Үлкен қайқы мұртының ұштары бетіне қарай имекте-

*Историко-краеведческий музей г. Семей.*

